

#ӘділеттіҚазақстан

Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ ӨТЕДІ

2

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ



БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТ

6-7

ЕҢБЕК АДАМЫ



РАХМЕТ СІЗГЕ, ТАЗА ҚАЛА ҮШІН!

12-13

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

22.12.2022

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

23.12.2022

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №152 (6287) 22 желтоқсан, бейсенбі, 2022 жыл.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Қала әкімі «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын дамыту жоспарымен танысты



Қала әкімі Ерболат Досаев «Алматы Су» коммуналдық кәсіпорнын дамытудың өзекті мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді. Сонымен қатар, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы мен орталық диспетчерлік қызметтің жұмысымен танысты.

3

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАРҚЫРА, ЖАЙНА, БАС ШЫРША!



Қаланың бас шыршасының шамдары Абай алаңында салтанатты түрде іске қосылды. Биіктігі 22 метр шыршаны жағу рәсімін «Сарын» тобының, «Alma Dance» мәнерлеп сырғанау студиясының, «Сармат», «Еркеназ» және «Сенім» вокалдық студиясының орындауында «Жаңа жылмен, Алматы!» вокалды-хореографиялық қойылымы ашты. Биылғы жылы қаланың бас шыршасына 350 ойыншық және 10 мың мерекелік гирлянда ілінген.

ҚЫСҚА...

- Шаһарда жыл басынан бері 57 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты.
- Қала мектептеріне кешенді қауіпсіздік жүйесі енгізіледі.
- Алматыда 2023 жылдан бастап «Мектеп автобусы» жобасы басталады.
- Кен орындарын игеруге құқық беру мерзімі қысқарды.
- Шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуге өтінім қабылдау басталды.
- Алматының мемлекеттік мектептерінде 133 мың бала тегін тамақтанады.
- Қазақстанда үздік дәрігерлерге 1000 АЕК сомасында біржолғы төлем беріледі.
- Елімізде дәрігерді жазалау талаптары жеңілдетілмек.
- Алматы хайуанаттар бағындағы ягуарлар егіз төлдеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

24



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА АЙНАЛМА ЖОЛАШЫЛАДЫ

Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы 2023 жылдың екінші жартысында қолданысқа берілуі мүмкін. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Досбол
АТАЖАН

Орталық Азиядағы ең ірі инфрақұрылымдық автожол жобасы – ҰАААЖ (Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы) құрылысы аяқталуда.


Жобаны іске асыру мемлекеттік-жеке-шелік әріптестік шеңберінде 2018 жылы қолға алынған болатын. Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының құрылысы екі жылдан соң басталды. Концессия шартына сәйкес құрылыс мерзімі бастапқыда 50 айға жоспарланған еді. Алайда, қарқынды жұмыстардың толық ауқымда жүргізілуіне байланысты концессионер жобаны ертерек жүзеге асыра алды.

«Автожол құрылысы бойынша барлық негізгі жұмыстар аяқталды. Қазіргі уақытта абаттандыру және жол ақысын алу жү-



йесі орнатылып жатыр. Концессия туралы заңға сәйкес жобалар инвесторларға мемлекет балансына қабылданғаннан кейін ғана беріледі. Осыған байланысты пайдалануға беру 2023 жылдың екінші жартысына жоспарланып отыр», – деп хабарлады ҚР ИИДМ Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллин.

Айта кеткен жөн, ҰАААЖ-ын іске асыруды түрік-корей консорциумы жүзеге асырады. Жүрдек жол негізінен алты жолақты және кейбір жерлерде төрт жолақты болмақ. Сондықтан рұқсат етілген ең жо-



ғары жылдамдықта, яғни сағатына 110–140 шақырым жүрген жағдайда, 66 шақырым қашықтықты небәрі жарты сағатта еңсеруге болады.

«Бұл мемлекеттік-жеке-шелік әріптестік аясындағы Орталық Азиядағы жол құрылысының ең ірі инфрақұрылымдық жобасы болып табылады. Аталған жобаны іске асыру жолдың транзиттік әлеуетін жоғарылатып, транзиттік маршруттардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сондай-ақ, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, мегаполис көшелеріндегі кеп-



телісті азайтады және экологиялық жағдайды жақсартады», – деп атап өтті ҚР ИИДМ Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллин.

Айта кету керек, ҰАААЖ Қаскелең маңындағы Қырғауылды ауылынан басталып, Талғар жанындағы Қызылқайрат ауылында аяқталады. Аталған тасжол Алматы облысының Қарасай, Іле және Талғар аудандарындағы 14 елдімекен арқылы өтетін болады. Бұл автожол Батыс Қытай – Батыс Еуропа транзиттік дәлізінің негізгі буыны болуы керек.

ТҮРКСОЙ

ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖЫЛЫ ӨТЕДІ

2023 жылы бірқатар маңызды мәдени іс-шара ТҮРКСОЙ аясында аталып өтеді.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раевпен кездесу өткізді. Тараптар биылғы жылы бірлесіп атқарған жұмыстардың қорытындысын талқылап, келесі жылға арналған іс-шаралар жоспарын қарастырды.

Қазақстан тарапының ұсынысымен 2023 жыл түркі әлемінде Темірбек Жүргенов жылы болып жарияланды. Сондай-ақ, ТҮРКСОЙ аясында театр және кино актрисасы Бикен Римованың 100 жылдығы, жазушы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы, қазақ ақы-

ны, әдебиеттанушы, жазушы Мұсафар Өлімбаевтың 100 жылдығы түркі тілдес елдерде кеңінен аталып өтетін болады.

«ТҮРКСОЙ ықпалымен түркі әлемінің ынтымақтастығы сапалы жаңа деңгейге көтерілуде. Тарихи-мәдени мұраны сақтауға маңызды мән беріліп отыр. 2023 жылы Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (ТҮРКСОЙ) құрылғанына 30 жыл толатынын білеміз. Мерейтой жылы барлық бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жандандырып, бірігіп жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Дәурен Абаев.

Айта кеткен жөн, 2023 жылы Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай ТҮРКСОЙ колдауымен фильм шығару және оны ұйымға мүше мемлекеттер аумағында көрсету жоспарланған.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ ӨТЕДІ

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының ұйымдастыруымен басқарудың жаңа МИБ немесе ҚБ формаларына өту жөнінде барлық тиісті органдардың қатысуымен «Ашық есік күні» өтеді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Аталмыш іс-шара МИБ құру және оның жұмысын жүргізуді түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тұрғындар ТКШ қа-

тысты барлық сұрақтарына тиісті мемлекеттік органдардан жауап ала алады.

Іс-шара бүгін сағат 10.00 мен 17.00 аралығында Абай даңғ., 90 мекенжайында орналасқан Алматыбасжоспар ғимаратында (Q-lab алаңы, 1-қабат) өтеді.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТЕР
ҚОЛЖЕТІМДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Оспанов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазақстандағы әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру туралы айтты.

Досбол
АТАЖАН

Ол өз сөзінің басында әлеуметтік-еңбек саласында көрсетілетін 45 қызметтің 43-і (95%) электрондық форматта, оның 23-і проактивті түрде көрсетілетінін хабарлады.

«2022 жылы қазақстандықтар 13,1 млн қызмет алды. Бұл ретте цифрлық форматта 10,6 млн, оның 1 млн-нан астамы азаматтардың жіберілетін хабарламаларға берген жауаптары негізінде проактивті түрде көрсетілді», – деді Ербол Оспанов. Сондай-ақ, вице-министр цифрлық форматта көрсетілетін әлеуметтік-еңбек саласы қызметтерінің үлесі 2020 жылдан бастап 20%-ға өсіп, жалпы 80%-дан асқанын атап өтті.

«Келесі жылы бұл көрсеткіш 90%-ға жетеді деп жоспарлап отырмыз. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін трансформациялау және реинжиниринг бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Бірінші кезеңде проактивті форматта көрсетілетін қызметтерді онтайландыру бойынша жұмыс жүргізілді. Осының есебінен өткен жылға қатысты көрсетілетін қызметтер санының өсуі байқалды. Келесі қадам проактивті қызметтер көрсету кезінде жәрдемақыларды автоматты түрде тағайындауға көшу болады, яғни қызмет көрсету процесінде адамдардың қатысуы толығымен жойылады», – деп атап өтті ол.

Вице-министр 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен



марапатталған көпбалалы аналарға жәрдемақы тағайындау кезінде бұл тәсілді пилоттық режимде қолдану жоспарланғанын хабарлады. Жалпы, келесі жылы автоматты тағайындау форматын 4 қызмет бойынша қолдану жоспарлануда.

«Біз екінші деңгейдегі банктермен жұмысты одан әрі жалғастырамыз. Бүгінгі таңда қазақстандықтарға банктік қосымшалар арқылы 6 қызмет қолжетімді және 11 айда оларды 280 мыңнан астам адам алды. Бұдан басқа, 17 қызмет экстерриториалды түрде көрсетіле бастады, яғни оларды Қазақстанның кез келген жерінде, тіркелген жері бойынша ХҚКО-ға жүгінбей-ақ ала алады», – деді Ербол Оспанов.

Ербол Оспанов мүгедектігі бар адамдарды қолдау шараларын цифрландыру туралы да хабардар етті. Атап айтқанда, мүгедектікті сырттай белгілеуді енгізу барысы туралы айтып берді. Бұл пилоттық жоба өткен жылдың қазан айында іске қосылған болатын.

Бұрын мүгедектікті белгілеу үшін төрт түрлі инстанцияға, яғни емхана, МӘС бөлімі, ХҚКО, әкімдікке жүгіну қажет болса, жаңа формат шеңберінде азамат қызметті алу үшін тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгінеді, қалғанының бәрі оның қатысуынсыз, ақпараттық жүйелерді интеграциялау есебінен болады. Барлық деректер тиісті мемлекеттік органдарға беріледі, ал сарапшылар қажетті шешімдер қабылдайды.

«Биыл бүкіл Қазақстан бойынша 52 мыңнан астам адам, яғни осы қызметті алған әрбір бесінші адам жаңа форматта куәландырудан өтті», – деп бөлісті ол.

Вице-министр жұмыспен қамту жөніндегі бірыңғай цифрлық алаң – Электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі – ЭЕБ) туралы егжей-тегжейлі

хабардар етті. Онда азаматтар бағыттар, кәсіптер мен дағдылар бойынша қолайлы бос жұмыс орындарын, ал жұмыс берушілер олардың талаптарына сәйкес келетін қызметкерлерді іздей алады.

«Бүгінгі таңда ЭЕБ-да 102 мың бос жұмыс орны және 120 мың түйіндеме орналастырылған. Бұдан басқа ЭЕБ-да онлайн-форматта 4 мемлекеттік көрсетілетін қызмет және халықты жұмыспен қамтуды қолдаудың 9 шарасы қолжетімді. Онлайн-қызметтерді іске қосу халықтың жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлерімен физикалық байланысын барынша азайтуға және азаматтар үшін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2022 жылы жұмыс іздеп жүрген 371 мың адам немесе жалпы санының 61%-ы онлайн-форматта тіркелген. Цифрлық жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмыспен қамтылғандардың үлесі 86,7 мың адамды құрады, ал 71 мың адам жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдер алды», – деді Ербол Оспанов.

Сондай-ақ, ол ЭЕБ экожүйесіне кіретін «Skills.Enbek», «HR.Enbek», «Business.Enbek» және т.б. сияқты қазақстандықтарға қолжетімді басқа да алаңдар туралы айтты. Осылайша Skills.Enbek платформасы 110 кәсіпті ішінара немесе толық қамтитын 146 курс қолжетімді онлайн-курстардың витринасы болып табылады. Жыл басынан бері 142 мыңға жуық адам кем дегенде бір курсты аяқтаған.

«Тағы бір маңызды платформа – «Business.Enbek», онда бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар алудың барлық процестері автоматтандырылған. Осылайша берілген 67 мың өтінімнің ішінен мемлекеттің қолдауының арқасында өз ісін ашуға мүмкіндік алған 20 мың адам іріктелді.

Еңбек ресурстарының жаңа порталы – «HR.Enbek». Бұл алаң қызметкер мен жұмыс берушінің барынша тиімді және жылдам өзара іс-қимылын қалыптастыруға, қағазбастылықты барынша азайтуға мүмкіндік береді», – деді вице-министр.



ӘКІМ

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Қала әкімі «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын дамыту жоспарымен танысты



(Басы 1-бетте)

Қала басшысы қысқа мерзімде инженерлік желілер мен жабдықтардың тозу деңгейін төмендету қажеттігіне ерекше назар аударды. Қаладағы негізгі магистральдық су құбырлары, коллекторлар, су дайындау станциялары және кәріз тазарту қондырғылары 60–70-жылдары салынған. Мәселен, бүгінде Алматыда су құбыры желілерінің тозуы 55,8%, кәріз желілерінікі – 57,5%, құбырлардың бір бөлігінің тозу дәрежесі 100%-ды құрайды. Өз кезегінде «Алматы Су» МКК басшылығы қала әкіміне қалалық су құбыры-кәріз шаруашылығының ағымдағы жағдайы және жұмыстың аралық қорытындылары туралы хабардар етті. Сондай-ақ, жаңғыртуға, тұтынушыларды сапалы қызметтермен үздіксіз қамтамасыз етуге, бизнес-процестерді жақсартуға және өндірісті автоматтандыруға басты назар аударылған даму жоспарын таныстырды.

Тозуды азайту және апатты жағдайлардың алдын алу үшін жыл сайын кемінде 104 шақырым су құбырларын, 73 шақырым кәріз желілерін ауыстыру қажет, сондай-ақ диаметрі 900 мм және одан жоғары ірі су құбырлары мен кәріз коллекторларын қайта жаңарту керек. Бұл ретте қолданыстағы инвестициялық бағдарлама жыл сайын тек 20–24 шақырым тозған

құбырларды ауыстыруды қамтамасыз етеді.

Мұның себебі төмен/теңгерімсіз тариф болып табылады: егер бүкіл әлемде желілердің жағдайын реттеуді қолдау және жөндеу қоры тариф белгілеу және қызметтерді пайдаланушылардан түсетін түсімдер есебінен жабылса, онда «Алматы Су» МКК жағдайында негізгі инвестор мемлекет болып табылады (Алматыдағы тариф деңгейі ел бойынша ең төмен деңгейдің бірі және 8 жылдан астам уақыт бойы өзгермеген – 1000 литрге 48 теңге).

Кеңес барысында сумен жабдықтау және кәріз жүйесін жаңғырту мәселесі талқыланды, іске асыру мерзімдері айтылды – қалалық бағдарлама аясында 2025 жылға дейін (40,9 млрд теңге) негізгі магистральдық су құбырлары мен кәріз коллекторларын қайта жаңартуға баса назар аудару қажеттігі жоспарлануда. Талғар жерасты су көздерінен су жеткізу жүйесін жаңғырту, Қарғалы су дайындау станциясын пайдалануға беру көзделген.

2030 жылға дейін мегаполис тұрғындарының 95%-ын орталықтандырылған су бұрумен қамтуға мүмкіндік беретін кәріз-сорғы станцияларының желісін бір мезгілде кеңейтіп және жөндеп, қала сыртындағы коллекторды (14 км-ден үш жіп) рекон-

струкциялау, Батыс коллекторын салуға кірісу қарастырылған. Сондай-ақ, коммуналдық объектілерді реконструкциялау және технологиялық жабдықты ауыстыру жұмыстары жалғастырылатын болады.

Инфрақұрылымды модернизациялаудан басқа, кәсіпорынның даму жоспары су шығынын азайту мақсатында кезең-кезеңмен цифрландыру жобасын қамтиды. Коммуналдық қызметкерлердің мәліметінше, Алматыда жыл сайын қаланың ұлғаюына байланысты суды тұтыну өсуде (5 жылда 25 мың текше метр). Бұл өз кезегінде тиісті инфрақұрылым мен қызмет көрсетуді (8 жыл ішінде кәсіпорынның инженерлік желілерінің ұзындығы 18,5%-ға өсті) қажет етеді. Кездесу қорытындысы бойынша қала әкімі «Алматы Су» МКК басшылығына қысқа мерзімде инженерлік желілердің тозуын азайту және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін жаңа тарифтік саясатты енгізу жөнінде ұсыныстар беруді тапсырды.

Мегаполис басшысы Энергетика және коммуналдық кәсіпорын басқармасының алдында берілетін судың шығынын азайту, тұтынуды фискализациялау және инфрақұрылымды жаңғырту жобаларын іске асыру, оның ішінде Цифрлық су арнасы жобасын енгізу міндеті тұрғанын атап өтті.

ЖОБА

КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ

Келесі жылдан бастап жылу желілерін жөндеу бойынша ауқымды бағдарлама басталады

Елімізде тозығы жеткен жылу электр орталықтарын жөндеу үшін 182 миллиард теңге қажет. Әлбетте, бұл алдын ала есептелген болжам. Энергетика министрі Болат Ақшолақовтың айтуынша, еліміздегі 37 жылу электр орталығының техникалық жай-күйіне талдау жүргізіліп, нәтижесінде 19 жылу электр орталығы «қызыл» аймақта тұрғаны анықталған. Енді оларды күрделі жөндеуден өткізу үшін 182 миллиард теңге қажет. Ал Премьер-Министр Әлихан Смайылов «әкімдіктер жалған ақпарат таратуының кесірінен жылу орталықтарында апат болып жатыр» деп сынады.

«Тозығы жеткен жабдықтардың орташа көрсеткіші 66 пайыз құрайды. Бұл ретте Орал, Степногорск, Тараз, Қызылорда, Кентау қаласында 80 пайыз тозып кеткен. Екінші, 2020 жылмен салыстырғанда технологияның бұзылу салдарынан авария 5 пайызға өскені анықталды», – деді ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов тексеру жұмысын еш бұрмалаусыз, сапалы жүргізіп, келесі жылдың көктеміне дейін аяқтауды тапсырды. Иә, «өтірік өрге бастырмайды». Қағаз жүзінде барлығы сақай сай деп есеп беретін басшылардың қызметтеріне қаншалықты жауапты болғандарына бірінен кейін бірі жылусыз қалған қалалардағы жағдайлар дәлел. Екібастұзда басталған апаттың араға ай салмай жатып бірнеше қалада орын алуы саланың әбден тозығы жеткенін көрсетіп отыр. Премьер-Министр қыркүйекте Үкіметте есеп берген жергілікті билік жылу маусымына дайынбыз деген еді, бірақ олай болмай шықты деді. Енді келесі жылдан бастап жылу желілерін жөндеу бойынша ауқымды бағдарлама басталады.

«Бірінші кезекте тозу деңгейі 70 пайыздан асып кеткен жылу желілері ауыстырылады. Мұндай желілер – 1600 шақырым. Екінші кезекте 4 мың шақырымға жуық желі жаңартылады. Бұл – өте ауқымды жұмыс әрі көп қаражатты талап етеді», – деді ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов.

Әлихан Смайылов жылу желілерін реконструкциялау бойынша қажетті құжаттарды әзірлеу жұмысын бірінші жартыжылдықта аяқтау керегін айтты. Жылу желілерін жаңарту үшін нысаналы трансферт бөлінуі мүмкін. Ал Қазақстанда АЭС салатын технология келесі жылы таңдалады екен.

ЭКОЛОГИЯ

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Экологтардың зерттеуінше, сұрыпталмаған қоқыс бірден полигонға көмілсе, жер астында шірімей жүздеген жыл бойы жатады екен. Ал бұл экологиялық ахуалға зиянын тигізеді.



Сала мамандары қоқысты сұрыптау экологиялық жағынан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да тиімді екенін айтады. Бірақ бұл үрдіс біздің елімізде әлі дами қойған жоқ. Осындай мәселелерді шешудің жолын табу мақсатында ағымдағы жылдың 19 желтоқсанында Шымкент қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы қызметкерлері Алматының Экология және қоршаған орта басқармасына жұмыс сапарымен келді. Мақсат – қоқысты сұрыптау мен қайта өңдеуді дамытып, тұрғындар арасында тұрмыс қалдықтарын қоқысқа түріне қарай ажыратып тастау мәдениетін қалыптастыру, қалдықтарды реттеу бойынша тәжірибе алмасу.

Мамандар іссапар барысында «АҚ Тәртіп» ЖШС қоқыс шығару ұйымының, «Green rescue» ЖШС қоқыс сұрыптау кешенінің, «Volek» ҚТҚ бөлек жинау пунктінің жұмысымен танысты.

Рас, бүгінде қала тұрғындарының тұрмысынан бөлінетін қалдық күн сайын көбейіп барады. Алайда, оларды сұрыптап, бөліп тастау мәдениеті бізде әлі қалыптаса қойған жоқ. Мәселен, қала сыртына қоқыс шығарумен айналысатын «Тәртіп» машиналары күніне 300–500 рейс жасайды екен. Міне, осыдан-ақ қалдықтарды сұрыптаудың қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады.

Тәжірибе алмасуға келген мамандар заманауи көмілген контейнерлік алаңдарға қызмет көрсететін арнайы көрсетілім жасалды. Кездесудің қорытындысы бойынша екі өңірдің басқарма өкілдері одан әрі ынтымақтастыққа және жұмыс процестеріне қатысты өзара тәжірибе алмасуға, ақпараттармен бөлісуге сөз байласты.


Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ТУРИЗМ

АЛМАТЫ мен ҚАЗАН

қалалары ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды

Алматыда екі жақты ынтымақтастықты дамыту аясында Қазан қаласынан келген делегация үшін өткізілген ақпараттық тур аяқталды. Қазан делегациясының өкілдері Қазақстан Татарстан үшін үнемі тартымды екенін, ал Red Wings әуекомпаниясы Алматы – Қазан тікелей рейсін ашу арқылы екіжақты ынтымақтастық мүмкіндіктерді арттырғанын атап өтті.



дамыту жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды, ол қалалар арасындағы өзара қарым-қатынастарды дамытуға белгілі бір серпін береді, атап айтқанда Қазан және Алматы арасындағы туристік ағындардың сапалы алмасуын реттеуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласының Туризм басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, бүгінде Алматыда әлемнің түрлі елдерінен келетін туристердің қатары өсуде. Қаланың іскерлік, экологиялық, мәдени-этнографиялық, тау шаңғысы

туризмін, сондай-ақ отбасылық демалысты дамытудағы мүмкіндіктері үлкен. Статистикаға сүйенсек, 2022 жылдың 3 тоқсанында Алматыға 270 мыңнан астам шетелдік туристер келген. Шетелдік туристердің ең көп ағыны – Ресей, Өзбекстан, Украина, Әзербайжан, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания, Түркия, Қырғызстан, Тәжікстан, Үндістан, ГФР, АҚШ, ҚХР, Оңтүстік Корея және т.б. Алдағы уақытта шетелдік туристер ағынын жыл сайын 1 миллионға дейін көбейту жоспарланып отыр.

Сапар барысында туризм саласының өкілдері маңызды мәдени және туристік нысандармен танысты, сондай-ақ туризм саласын



ӨНЕРТАБЫС

РОБОТТЕХНИКА БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

Алматы қаласында 21-22 желтоқсан аралығында «TechCup-2022» роботтехника және инновациялық технологиялар бойынша VII ашық чемпионат өтті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы әкімінің кубогына ҚР барлық өңірлерінен 7–22 жас аралығындағы өнертапқыштардан құралған 700-ден астам команда қатысты. Олар үлкендер, орта жастағылар, кішілер деп үшке бөлініп, өзара бақтарын сынады. Кіл мықтылардың жобаларына қолдаушылар да табылды. Мектеп оқушыларының көпшілігі 2-3 айдың көлемінде құрастырған роботтарының ептілігін сынады.

«Қаламызда ең үлкен чемпионаттардың бірі ұйымдастырылып жатыр. Бізде инженерлік жобалар; бағдарламалау; IT-дегі бизнес; 3D-модельдеу; роботтар жарысы секілді бағыттардан жарыс өтті. Сондай-ақ, кішкентай бүлдіршіндердің роботтарының арасында роботтарды соғыстыруға мүмкіндіктері болды. Олар VEX, сумо, желі, кегельринг сынды бағыттардан тұрады. Балаларымыз 3D-модельдеу бойынша архитектуралық жобаларды құрастырды. Осы чемпионатта үздік атанған қыз-жігіттердің жобаларын Алматы қаласының сәулетіне, құрылысына қолдануымыз әбден мүмкін. Қарап отырсаңыздар, чемпионатқа еліміздің түкпір-түкпірінен дарынды, білімді, ақылды балалар жиналған. Осыған қарап-ақ болашағымыз жарқын болатынына сенімдімін», – дейді ұйымдастырушы Оразмұхаммет Бекмұрат.

Чемпионаттың мақсаты – балалар мен жастардың инновациялар мен инженерлік әзірлемелер саласына қызығушылығын ынталандыру, IT-құзыреттіліктерін дамыту және танымал ету, балалар мен жастар арасында таланттарды анықтау және қолдау болып табылады.

«Біз осы чемпионатқа заманауи қазақ үйді құрастырып алып келдік. Біз қазақ үйге екінші қабатты жалғадық. Сондай-ақ, ақылды түндік орнаттық. Адамдардың қалауы бойынша түндік өзі ашылып, жабылады. Қосымша күн энергиясын, жел энергиясын және жылу энергиясын қостық. Газбен де айналасын қамтамасыз еттік. Жинақталған энергия арқылы жарық шамдар жанатын болады. Бұл жобаны жасауды 2018 жылдан бастап қолға ала бастадық. Кейіннен түрлі мамандардың ой-пікірлерін ақылға сала отырып, өзгерістер енгіздік. Десе де, бұл жобаны құрастыруға бізге екі апта уақыт кетті. Біз мұны досымыз екеуіміз құрастырдық. Екеуіміз екі мектептен болсақ та, бізді байланыстырған роботтехника



болды», – дейді Олжас Санатұлы мен Нұрәлі Токбергенов есімді қатысушылар.

TechCup мектеп оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін, кәсіпкерлерді, ата-аналарды, сондай-ақ білім беру идеялары мен жобаларының авторларын біріктіреді. Жас ғалымдар өз жобаларын өте жоғары халықаралық деңгейде жасап шыққан.

«Біз бұл жобаны көптен бері күттік. Сол себептен өзіміздің ерекше жобаларымызды құрастырдық. Марста өсімдіктердің өсуіне ыңғайлы болу үшін жылыжай құрастырдық. Біз бұл жобада Марстың ауа райын, температурасын, ылғалдылығын басты назарға алдық. Марстың биохимиясын зерттедік. Қазіргі уақытта біздің ғаламшарымыздың экологиясы өте нашарлап келеді. Осындай кезде шетелдік ғалымдар басқа ғаламшарлардағы тіршілікті зерттеуде. Яғни қандай да бір жағдайлар орын алса, көшпелі мүмкіндіктер туындайтын жатыр. Осы орайда біз де еліміздің атынан Марста өмір сүру қолылығы бар екендігін дәлелдеп, осы жобамызды Марста да сынап көргіміз келеді. Біздің жобамызда түрлі датчиктер, моторлар, дисплей қолданылған. Мұның барлығы ылғалдықты ұстап тұру мақсатында жасалған. Біз бұл чемпионатқа Маңғыстау өңірінің намысын қорғап келіп отырмыз. Біз 3 айдың ішінде 4 адам осы жобаны ұйымдастырдық», – дейді қатысушы Үсірбай Шүкірбай.

Қазіргі таңда Қазақстанда роботтық техника саласында еңбек ететін адамдар саны әлдеқайда артқан. Олардың қатарында жас балаларға бағдарламалау мен роботтық техниканы үйрету үшін әлеуметтік жобаларын жүзеге асыра бастағандар да бар. Өздерін ұстаздық салада көрсете бастаған жастарымыз да жетерлік. Олардың бірқатары бүгінде шәкірттерін әлемдік додаларда жарыстарға қатыстыруда.

«Біз бұл жарысқа 3D дизайн интерьер бойынша қатысып отырмыз. Бұл жерде 3D бағдарламасында бөлменің интерьерін жасап келдік. Чемпионат біздің балаларымызға үлкен мотивация берді десек, артық айтпағанымыз. Осы жобада жеңімпаз болғандарға 15 грант беріліп отыр екен. Одан бөлек, қаржылай сый-сияпаты бар. Біз үлкен топқа 7 баламызды алып келдік. Олар 3D модельдеудің әртүрлі бағыттары бойынша жобаларын әзірледі», – дейді Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжінің тәлімгері Назым Оразбекова.

Бірінші TechCup чемпионаты 2014 жылы өтті. Осы жылдар ішінде чемпионаттың ауқымы 20 командадан 586 командаға дейін кеңейіп, қатысушылар саны 2000 адамнан асты. Қазіргі уақытта ғылымда компьютерлік бағдарламалау тілін меңгерушілер саны артып келеді. Бұл дегеніміз, роботтехникалық техникалардың дамуына үлкен қарқын береді деген сөз. Алыстан ат терлетіп келген оқушылар мен студенттер роботтың қаңқасына істен шыққан ескі компьютерлердің қалдықтарын, жарамсыз кардон қағаздарын, ескі электронды заттарды пайдаланған. Осылайша өздеріне, қоғамға қажетті ақылды роботтар құрастырған.

«Біздің жобамыз қоймалық сақтауды автоматтандыруға арналған робот манипулятор. Оны жасауға 4 ай уақыт кетті. Біз досымыз екеуіміз құрастырып шықтық. Ол әртүрлі заттарды тасымалдай алады, тізбекке қоса алады. Ақаулы заттарды бөлек орынға шығара алады. Онда 3 режим бар. Олар автоматтық, жартылай автоматтық, қол режимі болып бөлінеді. Бұл жобаны көптеген салаларда қолдануға болады. Мәселен, медицинада, құрылыс саласында, тәтті тағамдарды тасуда өзінің көмегін тигізе алады. Сонда адамдар ауыр заттарды көтеріп

еш әуреленбейді. Сонымен қатар, кәмпиттерді реттеп, жарамсыздарын лақтырып жіберу мүмкіндігіне ие. Бізде үш режим бір кодта орындала береді. Оған арнайы код жазып әуре болудың қажеті жоқ. Бәрі бірден қамтылған», – дейді қатысушы Абай Мағжан мен Жәкен Диар есімді оқушылар.

Чемпионаттың жалпы жұлде қоры 4 млн теңгеден асады. Сонымен қатар, республиканың бірқатар жетекші жоғары оқу орындары чемпионат жеңімпаздары үшін 2023 жылға арналған 15 білім грантын бөледі.

«Барлық жоба қазіргі уақытта біздің қоғамымызға қажетті жобалар. Қарап отырсаңыз, экологияны дамыту мақсатында адамдардың ауыр жұмыстармен айналыспауына, ақылды үйлерде тұруына ыңғайлы жобаларын алып келген. Оқушылардың ішінде Марста өсімдіктер өсіруді қолға ала бастағандары да бар. Бұдан бөлек, компаниялардың жұмысын жақсартатын жобаны бір бала таныстырды. Оның жобасы қазылар алқасының көңілінен шығып, компанияларға ұсыныстар да түсіп жатыр. Одан бөлек, сайт әзірлеген студенттер мен оқушылар өздерінің озық ойларын ортаға салды. Бұл сайтты тіпті шетелдіктерге ұсынсақ, бірден жүзеге асыра кететін еді. Бүгінде қарап отырсақ, балалардың роботтехникаға деген қызығушылығы артқан. Мемлекет тарапынан ақырындап қолдау да көрсетіліп келе жатқан жайы бар», – дейді роботтехник, қазылар алқасының мүшесі Данияр Керімқұлов.

Чемпионат Алматы қаласында «Almaty Arena» MC базасында өтті. Іс-шараны Алматы қаласы Білім басқармасы мен Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырды. Чемпионатқа 700-ден астам командадан 2000 қатысушы қатысты.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ
МАРҒАУЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Алматы хайуанаттар бағындағы ягуарлар егіз төлдеді. Жаңа жыл қарсаңында Алматыдағы хайуанаттар паркі қуанышты жаңалығымен бөлісті. Мекеменің қамқорлығындағы ягуарлар жұбы егіз төлдеді.



Момын және Васек деп аталған ягуарлардан туған төлдерге Мәди және Мика деген атаулар берілді. Олардың бірі – еркек, бірі – ұрғашы.

«Олар 9 шілдеде туған, бірақ біз қазір ғана хабарлауды жөн көрдік. Өйткені, өте ырымшылмыз және төлдердің өсуін күттік. Мика әкесіне ұқсайды, терісінің түсі – қара, ал Мәди анасына тартқан, терісі – теңбіл. Бірақ Миканың мінезі керісінше анасына келеді, өте мейірімді. Ал Мәди анасына ұқсанымен, әкесі Васек сияқты шап-

шаң әрі бұзық», – деп хабарлады зообақтың баспасөз қызметі.

Хайуанаттар бағы қызметкерлерінің айтуынша, жалпы анасы мен төлдердің жағдайы жақсы. Кез келген үй марғаулары секілді Мәди мен Мика да бір-бірімен немесе анасының құйрығымен ойнағанды ұнатады.

Айта кеткен жөн, бұл жануарлар Оңтүстік Американың жылы елдерінен әкелінген. Олар қысқы мезгілде «Жыртқыш сүтқоректілер» павильонында тұрады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

АЛЬПИНИЗМ

Халықаралық спорттық альпинизм федерациясы (ISMA) 2022 жылғы биіктікке көтерілу класындағы альпинизм бойынша әлем чемпионатын қорытындылады. 1-орынды қиындық категориясы 6Б солтүстік-батыс қабырғасы бойынша Верный шыңына (5250 м) алғашқы болып өткен Қазақстан құрама командасы иеленді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстандық командаға альпинистер Роман Шестернин, Леонид Крупа, Закиржан Абдураимов және Станислав Лайнопуло енді. Команданы спорт шебері Максим Тен басқарды, жаттықтырушылар – спорт шеберлері Артем Скопин және Вячеслав Титов. Бағыттың ұзындығы – 1670 метр, биіктік айырмашылығы – 910 м. Команда

МЫҚТЫЛАР
ШЫҢҒА ШЫҚТЫ

бағыт бойынша 6 түн болды. Арнайы платформада түнеді.

«7-күні біз шыңға көтеріліп, тұңғыш рет тар платформасыз, жай ғана ашық аспан астында қар шұңқырында жел мен суыққа қарамас-

тан шыңға шықтық», – деді альпинист Леонид Крупа.

Шыңға өрлеушілердің айтуынша, Верный шыңының солтүстік-батыс беткейінде көтерілу барысында үлкен қиындықтар туындаған.



МЕРЕЙ

Ардагер ғалым ардақталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясында ҮОС ардагері Зұлхарнай Сейітовтің ағылшынша шыққан «Biochemist» кітабының тұсаукесері өтті. Сондай-ақ, ардагердің өмірінен хабар беретін фильм көрсетілді. Фильм барысында «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған З.Сейітов туралы мақала жайында жақсы айтылып өтті.

«Биохимия» кітабы Ұлы Отан соғысының ардагері Зұлхарнай Сейітовтің 100 жылдығына арналды. Тұсаукесерге Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Мұхамеджан Таласов, ҚР ҚК ардагерлері, Алматы гарнизонының әскери қызметшілері, әкімдік өкілдері және жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, сондай-ақ мәдениет, қоғам қайраткерлерімен бірге, БАҚ өкілдері қатысты.

«Зұлхарнай Сейітов 22 жасқа толған шағында соғысқа қатысты. Ерлігін көрсетті. Бұдан кейін атамыз ғалым ретінде медицинаға өлшеусіз үлес қосты. Қаншама шәкірт тәрбиеледі. Магистранттар мен докторанттарға арналған «Биохимия» кітабын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарды. 1980 жылы З.Сейітов «Биохимия» кітабы үшін «Тарлан – Платина» сыйлығының номинациясына ие болды. Бұл кітап классикалық, медициналық, биохимиялық кітап. Онда амин қышқылы, белоктардан бастап зат алмасу процесін, жүйке жү-

йесін, дәнекер ұласын, бауыр биохимиясын сипаттап өтеді. Кітапқа бүгінде шетелдік ғалымдар да өз қызығушылығын танытуда», – дейді биология ғылымының докторы, профессор Камаладин Шәріпов.

Зұлхарнай Сейітов соғыс басталған кезде Ленинград майданына аттанды. Ол қоршауда болды, шайқастарда Сталинградты, Белорусияны, Польшаны босатты, Берлинді алды. Ардагер «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен және «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

«Бүгінгі шаға біздің жастарымызға үлкен тағылым, тәрбие берері сөзсіз. Зұлхарнай Сейітовтың адал ісі қаншама ұрпақты тәрбиелеп өсіріп, бүгінде сол шәкірттері рахатын көріп отыр. Атамыз тірі аңыз адам. Қан майданда ерлігімен де танылған. Фильмде де айтылады ғой, ол кісі мені сақтаған бірінші Құдай болса, екінші әруақтар деп. Қаншама жылдарды артқа қалдырып, еліңізге есеп еңбегіңіз тиді. Бай-қуатты болып алдымызда мәңгі жүре беріңіз. Атамызды Қорғаныс министрінің атынан «Ел қорғаны» төс белгісімен марапаттаймыз», – дейді Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Мұхамеджан Таласов.

Ол соғыстан кейін Отанына қызмет етуді жалғастырды, медицина саласында өз ісінің көрнекті маманы болды. З.Сейітов биология ғылымының докторы, өнертапқыш, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ол «Қазақ балызының» және медицина мен биохимиядағы басқа да жаңалықтардың авторы. Бейбіт өмірдегі еңбегі ескеріліп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Жамбыл Тобаяқов атындағы зертхана ашылды



Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміздегі энергетика және байланыс саласының дамуына орасан зор үлес қосып келе жатқан қазақ білімінің қарашаңырақтарының бірі – Алматы Энергетика және байланыс университеті. Осынау оқу ордасының дайындаған мамандары еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып жүр. Еліміздің басты шырағына айналған оқу ордасының қалыптасуына бүкіл күш-жігерін арнаған белгілі ғалым, профессор Жамбыл Тобаяқовтың еңбегіне зор құрмет ретінде зертхана-дәрісхана ашылды.

Салтанатты іс-шараға ғалымның көзін көрген әріптестері, оқымысты-ғалымдар, шәкірттері мен ұрпақтары қатысты. Оқу ордасының №307 дәрісханасына Жамбыл Тобаяқовтың аты беріліп, арнайы жиын өтті.

Алғашқы сөз кезегін оқу ордасының академиялық қызмет жөніндегі проректоры, профессор Сергей Коньшин алып, ғалымның еңбек жолына тоқталды:

– Біз үшін бүгін ерекше күн. Оқу ордасының негізін қалап, оның қалыптасуына зор үлес қосқан ғалым-профессор Жамбыл Тобаяқовтың есімі зертхана-дәрісханаға беріліп жатыр. Жалпы, осы салада қызмет етіп жүргендердің көбі өзімізді Жамбыл Ошақбайұлының шәкірттеріміз деп қамтамсыз. Бұл саланың өркендеуіне ол кісінің қосып кеткен үлесі зор. Еңбекқор ғалым 1975 жылы Алматыда энергетика институтында физика факультетінің негізін қалап, оны 10 жыл бойы басқаруының өзі зор еңбек. Осынау оқу ордасының қабырғасында абы-



роймен еңбек ете жүріп, 1994 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ректордың тәрбие ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарды. Осынау жылдар ішінде соңынан із қалдырып, физика және энергетика саласында ізбасарларын тәрбиелеп, ғылым саласының қарыштап өркендеуіне үлесін қосты. Өнегелі өмірін ғылым жолына арнап, 100-ден астам еңбек, ондаған кітап, монографиялар мен арнайы сөздіктерді жазып қалдырған жан. Біз ол кісінің еңбегін ұмытпаймыз. Есімі елімен бірге жасай береді, – деді Сергей Владимирович.

Зертхана іші соңғы технологиялармен, сондай-ақ Жамбыл Ошақбайұлының өмірі мен қызметінен хабар беретін оқу әдістемеліктермен жабдықталған.

Жамбыл Тобаяқов атындағы зертханалық дәрісхананың ашылуына арналған жиынды Ғарыштық инженерия кафедрасы, Телекоммуникация және Ғарыштық инженерия институтының қызметкерлері ұйымдастырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытжан ТОБАЯҚОВ,
Жамбыл Тобаяқовтың інісі:

– Энергетика және байланыс институты 1975 жылы политехтан бөлініп шықты. Соның басы-қасында Жамбыл Тобаяқов, Гамил Қожин, Алберт Молотов сынды азаматтар жүрді. Солардың еңбектерінің арқасында елімізде айтулы оқу ордасы ашылды. Жамбыл Тобаяқовтың физика, астрономия, энергетика салаларының дамуына қосқан үлесі зор болды. Өз қолымен кафедра құрып, зертханалар ашты. Алғаш рет елімізде плазмалық физиканың негізін салды. Физикалық концепцияның негізін қалады. Ұстаздық қызметте де абырой биігінен көрінді. Қарағандыдағы пединституттың проректоры болды. Аз өмір жасаса да, соңына мол қазына қалдырды. «Астарлы аспан» деген астрономия туралы кітап жазды. Ол кісінің атында Алматы қаласында көше, Жетісу облысының Кербұлақ ауылында мектеп, «Қоғалыда» көше бар.

«ЖАҢА АЛМАТЫ»

ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы әкімінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №4/705 қаулысымен Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмалары және ағымдағы жылдың қыркүйегінде қабылданған «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» (бұдан әрі – Алматы қаласын дамытудың бағдарламасы) негізінде жасалған 9 Жол картасы бекітілді.

1. «Алматының полицентрлік дамуы». Алматының даму бағдарламасына 5 полиция орталығын дамыту енгізілді, олардың әрқайсысы жеке жоба ретінде ресімделді. Саяси орталықтарды әлеуметтік, коммерциялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымы нысандарымен толтыру кіші жобалар ретінде енгізілген. Жаңа аудандарды дамытумен қатар, қаланың тарихи орталығына да назар аударылады, онда ескі үйлерді жаңарту және мәдени-тарихи мұра объектілерін қайта құру қажет. Жол картасына барлығы 15 ірі жоба кірді.

2. «Дамыған қоғамдық көлік, полиорталықтар мен мен қала ядросының көліктік байланысы», «Алматы агломерациясы аясында қоғамдық көліктің интеграциясы». Жол картасының 16 негізгі жобасының ішінде: 2023 жылдың бірінші жартысында Алматы қаласының көлік құрылымын дамытудың 2040 жылға дейінгі Шеберлік – жоспарын әзірлеу, көліктің жүрдек түрлерін дамыту есебінен қоғамдық көліктің тартымдылығын арттыру, бағыттық желіні оңтайландыру және басқа да шаралар; қоғамдық көлікті жаңарту және экологияландыру, микромобильдікті дамыту, Алматы агломерациясының бірыңғай транспорттық моделін әзірлеу.

3. «ТКШ қызметтерінің сапасын арттыру» Коммуналдық инфрақұрылымның жаңа желілерін салуға және қолданыстағы желілерін жаңғыртуға бағытталған 16 жобадан тұрады, оның ішінде «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы аясында жаңа тарифтік саясат есебінен. Қала халқының орта-

лықтандырылған сумен жабдықтауға жүз пайыз қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 4 су қабылдағыш салу жоспарлануда.

4. «Тұрақты экономикалық өсім» 16 жобаны қамтиды. Жол картасы жоғары технологиялық өндірістерді, креативті және IT индустрияларды, сондай-ақ туризмді дамыту және әртараптан-дыру арқылы қала экономикасының тұрақтылығын арттыруға бағытталған. 2025 жылға дейін Жаңа 60 жекеменшік кәсіпорын іске қосылады, «Алатау» ИТП АЭА мен Алматының Индустриалды аймағын дамыту жалғасады.

5. «Жастарды, мәдениет пен спортты дамытуды қолдау». Жол картасының бірқатар шаралары жастарды қолжетімді жалға берілетін тұрғын үймен, оқыту және қайта оқыту, сондай-ақ жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге бағытталған. Мәдениеттің дамуы мәдени нысандарды сақтау мен көбейтуді, сондай-ақ негізінде полиция орталықтарында жаңаларын ашуға қамтиды. Сонымен қатар, мәдениет қызықты оқиғалар қатарын қалыптастыру арқылы шетелдік туристерді тарту құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Спорт саласындағы жобалар көбінесе салауатты өмір салты инфрақұрылымын құруға бағытталған-дене шынықтыру-сауықтыру кешендері мен көше воркаут-алаңдары, жүгіру жолдарымен жабдықталған саябақтар мен скверлер және т.б. барлығы жол картасы 36 жобаны қамтиды.

6. «Инклюзивті орта, білім және медицина» 17 жобадан тұрады. Олардың бір бөлігі 2030 жылға қарай қаланың барлық әлеуметтік объектілерінде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, кедергісіз орта құруға, тәуекел тобындағы балаларды ерте анықтау арқылы қала тұрғындарының мүгедектігін төмендетуге, оларды оңалтуға және мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың техникалық өтемақы құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен толық қамтамасыз етуге бағытталған.

Басқа жобалар аясында 2025 жылы оқушы орындарының тапшылығын қысқарту үшін 51 мектеп салу жоспарлануда, оның ішінде «Жайлы мектептер» ұлттық жобасын іске асыру бойынша 22 мектеп, «1000 мектеп» бағдарламасын іске асыру бойынша 29 мектеп және мектептерге 7 қосымша ғимарат, оның ішінде жаңа тұрғын үй кешендерін салушылармен меморандумдар аясында және жеке мектептер салу. Бұл жұмыс қаланың барлық мектептерін 2030 жылға қарай бір ауысымды оқытуға көшіру мақсатында жалғастырылатын болады.

Медицинаның дамыту қолда бар денсаулық сақтау ұйымдарын жаңғыртуды және салуды көздейді. Қадамдық қолжетімділік қағидатын қамтамасыз ету және клиникалық-диагностикалық қызметтердің толық тізбесін көрсету үшін 2023 жылдан бастап халықтың одан әрі өсуі жөніндегі болжамды ескере отырып, 33 жаңа емхана салу жоспарлануда, оның 21-і 2025 жылға қарай аяқталады. Бұдан басқа, 2025 жылға дейін 24 емхананы реконструкциялау және күрделі жөндеу, 5 көпсалалы стационарды жобалау және салу, сондай-ақ 6 денсаулық сақтау нысанын жаңғырту жоспарлануда.

7. «Жасыл Алматы» 12 жобаны іске асыру есебінен 2-ЖЭО, жеке секторды қоса алғанда, өнеркәсіптік кәсіпорындарды газдандыру, қоғамдық көлікті экологияландыру, жеке автокөлікті пайдалануды қысқарту есебінен қаланың атмосфералық ауасын айтарлықтай тазартуды көздейді. Полиорталықтарда жаңа абаттандырылған жасыл қоғамдық кеңістіктер құрылады және Алматыда одан әрі көгалдандыру жалғасады.

8. «Алматы-смайт-сити» Жол картасының 22 жобасы мыналарды қамтиды: қаланың «цифрлық егізін» құру, алматылықтар үшін қалалық сервистерді одан әрі цифрландыру, ТКШ саласында «ақылды» датчиктерді енгізу. «Смайт-сити» жобалары ТКШ-дан басқа көлік, әлеуметтік сала, полиорталықтардың дамуы, қауіпсіздік жөніндегі Жол карталарының жобаларымен де байланысты.

9. «Қауіпсіз қала» 8 жобаны қамтиды. 2025 жылға қарай полицияның 16 сервистік орталығын ашумен полицияның сервистік моделін енгізу жоспарлануда. Қаланың барлық ауалары мен көшелерін толық жарықтандыру, қала аумағын бейнебақылау және «SOS» дабыл түймелерімен қамту қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған. Төтенше жағдайларға дайындық, оның ішінде Қырғызстандағы ұқсас жүйемен интеграцияланған 28 сейсмостанцияны орната отырып, күшті жер сілкінісі туралы ерте хабарлау жүйесін енгізу есебінен жақсартатын болады.

Жол карталарының орындалуы 2022 жылғы 9 желтоқсанда Алматы мәслихаты бекіткен 2023–2025 жылдарға арналған қала бюджетіне салынған қажетті қаржымен қамтамасыз етілген.

Жол карталарын іске асыруда Президент Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 16 қарашада Алматыға жұмыс сапары кезінде берген тапсырмалары ескерілді.

Жол карталарын тиімді іске асыру үшін «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ және «Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС базасында жобалық кеңселер ұйымдастырылады, олардың құрамына сертифицирталған жобалық менеджерлер, салалық сарапшылар және т.б. енетін болады.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ

Қоғамның барометрі саналатын осы салаларда

Жыл да аяқталып қалды. Биыл Алматының білім, денсаулық және әлеуметтік салалары қандай жетістіктерге жетті? Қандай тың өзгерістер бар? Міне, қала бюджетінің басым бөлігі жұмсалатын осы бағыттар бойынша Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында баяндады.

Оқушылар саны өсті

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова мегаполистегі мектепке дейінгі мекемелер мен мектептер, оқушыларды тасымалдайтын автобустар, тегін тамақ жайлы кеңінен әңгімеледі. Сонымен қатар, қала әкімінің орынбасары демография мен ішкі миграция есебінен оқушылар саны 12–14 мыңға дейін өсіп отырғанын жеткізді.

Жыл санап Алматы мектептерінде білім алып жатқан оқушылар саны артып, бүгінде 320 453-ге жетіп отыр. Дәл қазір Алматыда 310 мектеп болса, олар 292 099 оқушы оқитын 212 мемлекеттік мектеп, 28 354 оқушысы бар 98 жекеменшік мектеп. Соған қарамастан, Алматыда әлі де оқушы орындарының тапшылығы сақталып отыр. Қазірдің өзінде 27 935 оқушы орны тапшы.

Осы мәселелерді шешіп, оқушы орнының тапшылығын азайту үшін 2022 жылы 8100 орынды қамтитын 5 мемлекеттік мектеп құрылысы бой көтерді.

Мәселен, «Қалқаман» ықшамауданында 1800 орынды №206, «Саялы» ықшамауданында 1800 орынды №204, «Томирис» ықшамауданында 1500 орынды №205, Қалқаманда 1500 орынды №208, «Нүркент» ықшамауданында 1500 орынды №209, «Мәдениет» ықшамауданындағы үш ауысымдағы №196 мектептің орнына 1500 орынды қамтитын жаңа мектеп салынды. Сонымен қатар, биылғы жылы Бостандық ауданында – 599 орынды «Заман» мектебі, 384 орынды «JOO High School Almaty» мектебі, 540 орынды «Almaty School of Physics and Mathematics» мектебі, Түркісіб ауданында – 420 орынды «Millennium» мектебі, Наурызбай ауданында – 200 орынды «AiDi Education» мектебі мен 250 орынды «Zhiger S» мектебі ашылып отыр.

Жалпы, Алматы қаласында оқушы орнының тапшылығын болдырмау мақсатында көптеген жүйелі жұмыстар жүзеге асып жатыр. Бұл ретте №191, №146, №125 мектептердің жанынан қосымша ғимарат жалғанып, 900 оқушы орны пайда болды. Сондай-ақ, «Әділет» колледжінің 600 орынды 1 ғимараты сатып алынды.

Сонымен қатар, осы жылдың соңында «Дархан» ықшамауданында 1500 орынды №210 және «Алмасити» ықшамауданында 1200 орынды №207 екі жаңа мектеп пайдалануға берілмекші.

Еліміздегі оқушы орнының тапшылығын шешу үшін Мемлекет басшысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асырып, 2030 жылға қарай бір ауысымда оқытуға көшу жөнінде тапсырмалар берді.

«Ұлттық жоба аясында 2023 жылдан бастап республикалық бюджет есебінен 37 100 орынды қамтитын 22 мектептің құрылысын бастау жоспарлануда. Бұл ретте жергілікті бюджет есебінен жалпы сомасы 11 млрд теңгеге жер телімдерін сатып алу және оларды инфрақұрылымға қосу мәселелері шешілетін болады», – деді қала әкімінің орынбасары Ә.Нүсіпова.

Өз сөзінде, Ә. Нүсіпова қалалық әкімшілік «1000 мектеп» жобасын жүзеге асыруды жалғастыратынын, алдағы 2023–2025 жылдар аралығында 27 150 орынға арналған 36



білім беру нысаны (3 мемлекеттік мектеп, 7 қосымша құрылыс, 19 жекеменшік мектеп) пайдалануға берілетінін жеткізіп, 2026 жылға қарай оқушылар орындарының тапшылығы қысқаратын болады, – деді.

Мектеп автобусы жолға шығады

Алматыда оқушыларды тасымалдаудың жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында 2023 жылдан бастап қаланың 8 ауданындағы 29 мектепте 7,7 мың балаға арналған «Мектеп автобусы» жобасы басталатын болды.

«Біз бұл жобаны үш жылдық сервистік үлгі бойынша қаржыландыруды жоспарлап отырмыз, жалпы қаржыландыру көлемі 4,9 млрд 2023 жылға арналған бюджет жобасында осы мақсаттарға 1,6 млрд теңге бөлінді», – деп атап көрсетті Ә.Нүсіпова. Сонымен қатар, заманауи инфрақұрылымды жақсарту барысында 2025 жылға дейін барлық мемлекеттік мектептер физика, химия, биология, информатика және роботтехниканың жаңа буынының пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілетін болды. Тек 2023 жылы жаңа модификациядағы 168 шкаф саты алынбақшы. Бұл мақсатқа жергілікті қордан 2,1 млрд теңге бөлінді.

133 мың оқушы тегін тамақтанады

Биылғы оқу жылынан бастап Алматыдағы мемлекеттік мектептерде оқитын барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Яғни мектеп оқушыларының жалпы санының 45%-ға жуығы немесе 133 мың оқушы мектепте тегін тамақтанады. Бұл мақсатқа жыл соңына дейін тағы да жергілікті бюджеттен 5,3 миллиард теңге бөлініп отыр.

«Келесі жылы азық-түлік құнын 560 теңгеден 800 теңгеге дейін көтердік. Алдағы 2023 жылғы қала бюджетінің 18 миллиард теңгеден астамы осы мақсатқа жұмсалатын болады. Оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін маусымдық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қаланың барлық мектептеріне арнап орталықтандырылған 4 апталық ас мәзірі

бекітілді», – деп атап өтті Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Нүсіпова.

Екі колледж бой көтереді

Алматыда 2025 жылға дейін жатақханасы бар екі колледж салу, сондай-ақ екі мемлекеттік колледж аумағында 300 төсек-орыннан тұратын 2 жатақхана салу жоспарланып отыр.

«Қала әкімінің бастамасымен мемлекеттік колледждер 2022–2023 оқу жылынан бастап тәлімгерлік институтын іске қосып, дуальды оқыту аясында колледждермен жұмыс істейтін кәсіпорындарға тәлімгерлік үшін ақы төлеуді жүзеге асыра бастады», – деді Әсем Нүсіпова.

Алматы қаласы бойынша 53 кәсіпорында дуальды оқыту шеңберінде 503 маман даярланып жатыр.

Жалпы, Алматыда 2022 жылдан бастап 720 орынды кәсіптік-техникалық колледж бен 300 орынды жатақхана құрылысы жүргізіліп жатыр. Алатау ауданының «Зерделі» ықшамауданында құрылысы жүріп жатқан жобаның құны – 5,7 млрд теңге.

Балабақшалар саны артып келеді

Бүгінгі таңда Алматыдағы мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығын қысқарту бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.

Мәселен, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 93,4%-ды құрап отырса, әлі де 18 800 бала кезегін күтіп отыр.

Биылдың өзінде қаламызда 7179 орынды 109 мектепке дейінгі ұйым ашылды. Сондай-ақ, 610 жекеменшік балабақшада мемлекеттік білім беру тапсырысы жүзеге асты. Бұл мақсат үшін мемлекеттен 41,5 млрд теңге бөлініп, 38 968 орынмен қамтылды.

Қазіргі таңда Алматыда 2025 жылға дейін 2520 орынды 10 мемлекеттік балабақша, жыл сайын 5000 орынды өсіммен жекеменшік балабақшаларда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мәселесі жоспарлануда.



және ӘЛЕУМЕТ

Алматының жеткен жетістіктері қандай?

41 мыңнан астам бөбек өмірге келді

2025 жылға дейін Алматыда 36 емхана қайта жаңартылады. Ал келер жылы 2 емхананың құрылысы аяқталып, 6 емхананың құрылысы басталады. Бұл туралы Ә.Нүсіпова мәлімдеді.

– Оларда жүкті әйелдерде құрсақтағы баланы ерте диагностикалау үшін сараптамалық сыныптағы жаңа ультрадыбыстық аппараттарды қолдана отырып, катанез кабинеттерін ашу көзделген. Кабинеттер пациенттер ағынының қозғалысына сәйкес орналастырылады, сондай-ақ бірыңғай стандарт бойынша заманауи жабдықтармен жабдықталады, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Сонымен қатар, Балалар жедел жәрдем орталығының қабылдау бөлмесінің құрылысы аяқталады. Сондай-ақ, 2030 жылға дейін Алатау ауданында 120 төсектік перзентханасы бар 500 төсектік аурухана салынады.

Бекітілген халық санына сәйкес, Алматыда медициналық ұйымдарға 2 миллионнан астам тұрғын тіркелген, оның 29%-ы (635 мың) 18 жасқа дейінгі балалар.

Биыл 11 ай ішінде 41 408 бала аман-есен дүниеге келген, бұл ретте туу көрсеткішінің 2021 жылмен салыстырғанда (43 814 тірі туған) 5,5%-ға төмендеуі байқалады.

2022 жылы жергілікті бюджет есебінен 181 баланы дәрі-дәрмекпен, медициналық мақсаттағы құралдармен және мамандандырылған тамақпен қамтамасыз етуге 3,6 млрд теңгеге 12 нозология бөлінді.

Ал 11 ай ішінде 18 жасқа дейінгі балалар МӘМС шеңберінде республикалық бюджет есебінен 112 нозология бойынша 356 603 науқас 26,6 млрд теңгеден астам сомаға қамтамасыз етілді.

5 оңалту орталығында 11 ай ішінде әртүрлі жастағы 16 587 бала оңалту курсынан өтті.

Алдағы уақытта жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға қаражат бөлу де жоспарлануда (1,9 млрд теңге). Сонымен қатар, 5 медициналық колледжге 1032 грант бөлу (460 млн теңге) көзделген.

Мүгедектіктің алдын алу мақсатында 2023 жылы жыл сайын 950 маманды оқытатын «Ерте араласу» орталығын құру бойынша 600 млн теңгеге пилоттық жобаны іске қосу жоспарлануда.

Инклюзивті орта

Қалада инклюзивті орта қаншалықты дамыған және мүгедек жандардың өмірін жақсарту үшін қандай іс-шаралар қабылдануда? Осы туралы да тараққан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова бұл тақырыптың да әкімдік атқарып отырған іс-шаралардың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Қалада 55 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады, оның 8,4 мыңы – мүгедек балалар. Өкінішке орай, бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Бейімделуде үлкен олқылықтар бар. 2023 жылдан бастап жол картасында интерактивті карта жасалады, ол қала нысандары бойынша үнемі жаңартылып отырады. Қоғамдық қорлар бізге осы картаны құруға көмектеседі, осы бағытта жұмыс істеу бойынша өз идеялары мен ұсыныстарын енгізеді деп үміттенеміз. Бірінші кезекте ХҚКО, банктер, пошта, мектептер, ауруханалар мен емханалар бейімделеді. Бұл жұмыс қаланың қоғамдық кеңесімен және аудан әкімдіктерімен бірлесіп жоспарлануда, – деді Әсем Нүсіпова.



Бүгінде стационарлық және жартылай стационарлық режимде оңалту қызметін көрсету үшін қалада мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 3 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді. Оларда психоневрологиялық ауруы бар 591 бала оңалту қызметімен қамтылған. Сонымен қатар, 2022 жылы 33 мың адам 7876 млн теңгеге жеке оңалту бағдарламасына сәйкес, техникалық көмекші құралдармен және оңалту қызметтерімен, сондай-ақ, санаториялық-курорттық емдеумен қамтамасыз етілген, оның 8045-і мүмкіндігі шектеулі балалар. Осы орайда айта кетсек, 2021 жылы «Әлеуметтік қызметтер» порталы арқылы 27,3 мың мүгедек оңалту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етілген. Оның 6943-і балалар.

Келер жылға мүгедектерді оңалту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етуге 9176 млн теңге бөлу жоспарланып отыр. Мүгедектерді әлеуметтік қолдауға бөлінетін қаржы ресурстарының көлемі жыл сайын орта есеппен 15%-ға артып келеді.

Биылғы қыркүйекте қала мәслихатымен бекітілген «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамытудың және орта мерзімді перспективалардың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында «тәуекел тобындағы» балаларды әлеуметтік оңалту және дамыту, сондай-ақ олардың оңалту құралдарына және әлеуметтік қызметтерге қажеттілігін бағалай отырып, «Ерте араласу» орталығы салынады. Ал екінші жартыжылдықта қаланың қажеттілігі бар аудандарының бірінде филиалы ашылады. Орталық базасында әлеуметтік оңалту әлеуметтік көмек көрсету бөлімі және оқу-әдістемелік бөлімі арқылы – балалардың оңалту және әлеуметтік қызмет көрсету құралдарына қажеттілігін бағалау, сондай-ақ 950-ден астам қызметкерді оқыту арқылы жүзеге асырылады (700 UZiSP арқылы, 250 UZI арқылы).

Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайын жақсарту мақсатында халықаралық стандарттарға сәйкес (2023 жылы – жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу), 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға Әлеуметтік қызмет көрсету орталығын (150 орынға арналған) жаңадан салу жоспарлануда.

Тірек-қимыл аппаратына мұқтаж ауру балдырғандарды қолдау үшін 200 (белсенді) баланы электрлі арбамен қамтамасыз ету жоспарлануда (бюджеті 300 млн теңге).

57 мыңнан астам адам жұмыс тапты

Жұмыссыздықпен күрес мәселесі де жүйелі жолға қойылған. Биыл жұмыссыз жандарға арнап 8 бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Алматыда жыл басынан бері мемлекеттік бағдарлама аясында 57 мыңнан астам жұмыс орны ашылған, оның 40 мыңнан астамы тұрақты, ал қалғандары уақытша. Бұл туралы баспасөз мәслихаты барысында қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева атап өтті.

Спикер қала тұрғындары мен қонақтары жұмыс табу үшін жұмыспен қамту орталығына жүгіне алатынын да атап өтті.

«Сондай-ақ, біз тоқсан сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткіземіз. Биыл 8 жәрмеңке ұйымдастырылды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бөлек өткізілді. Толығырақ айтар болсақ, тұрақты жұмыс орындары негізінен құрылыс, білім беру, көтерме және бөлшек сауда салаларында болса, уақытша жұмыс орындары – қоғамдық және әлеуметтік жұмыс орындары, жастар тәжірибесі. Яғни бізде сан алуан бағыт бар. Жұмыссыздарға барынша көмек көрсетуге дайынбыз. Барлық сауал бойынша жұмыспен қамту орталығына хабарласуға болады», – деді Назира Тоғызбаева.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қалада жұмыспен қамту және орналастыру көрсеткіші 94 пайыз екенін атап өтті. «Десек те, қалада жастар арасында әлі де жұмыссыздық бар. Бұл мәселе ерекше бақылауда», – деді ол.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Рая ЕСКЕНДІР.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



● МҰҒАЛІМДЕР СЪЕЗІ

ТАРИХ: ПӘН МАЗМҰНЫ ЖАҢАРАДЫ

Биыл Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мектепте тарих пәнін оқыту әдісі өзгеретінін мәлімдеген еді. Бұл мәселе сәуір айында Петропавлда өткен тарих пәні мұғалімдерінің съезінде көтерілді. Оған 300-ден астам тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы, әдіскер, ғылыми-зерттеу институттары мен бірқатар жоғары оқу орнының басшылары қатысты.

Олар үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын жетілдіру, сонымен бірге оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау, жоғары оқу орындарында тарих пәні мұғалімдерін даярлау және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелерін жан-жақты талқылаған. Асхат Қанатұлының айтуынша, сол жиында әріптестеріміз бірер ұсынысты ортаға тастаған. Олар мынадай болатын:

– 5-сыныпқа Қазақстан тарихынан бұрын мектеп бағдарламасында болған және осы жастағы оқушылардың түсінігіне қолжетімді тақырыптарды қайтару;
– «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңарту. Қазір Қазақстан тарихының негізгі курсы 9-сыныпта аяқталса, 10-11-сыныпта негізінен проблемалық мәселелер оқытылады. Осыған байланысты мұғалімдер мен ғалымдар 6-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихты толыққанды зерттеуді ұсынды;
– Материалды сынып бойынша бөлуді өзгерту. Мысалы, 6-сыныпты алып қарайық. 2016 жылдан бері бір ғана 6-сыныптың бағдарламасы 12 ғасырға жуық уақытты қамтыды.



Министр бұл ұсыныстарға қолдау білдірді. Сөйтіп, нақты қабылданған мынадай шешімдерге тоқталды:

1. Қазақстан тарихы мен Дүние жүзі тарихы оқулықтары енді еліміздің барлық мектебі үшін бірыңғай және базалық болады.
2. Жоғары оқу орындарында қазіргі «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының» орнына «Қазақстан тарихы» пәні оқытылады, яғни бағдарлама тарихтың басқа да кезеңдерін, дәлірек айтқанда, ежелгі, орта ғасырларды және жаңа заманды қамтиды.
3. Енді ғылыми бағытта білім алған тарихшылар қайта даярлау курстарынан өтіп, кейін мектепте сабақ бере алады.
4. Бағалау бойынша өзгерістер енгізіледі. Қорытынды аттестаттау бұрынғыдай жазбаша ғана емес, ауызша және жазбаша түрде өткізіледі. Жиынтық бағалау мұғалімнің қалауы бойынша ауызша немесе жазбаша түрде жүргізілуі мүмкін.
5. Петропавлда Ә.Марғұлан атындағы Археология институты, Ш.Уәлиханов

атындағы Тарих және этнология институты сияқты ҒЗИ филиалдары ашылып жатыр. Бұл институттар осы өңірлерде ауқымды археологиялық зерттеулер ұйымдастырады.

Осылайша еліміздің Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов өскелең ұрпақ үшін аса қажет, аса сауапты бір істі бастап кетті. Мұндай түбегейлі өзгеріс жасауға не үшін барғанын қарапайым тілмен түсіндіріп те берді.

«Тарих деген әр мемлекет, әр ұлт үшін ерекше маңызға ие. Отансүйгіштікке, өз-өзін түсінуге үйрететін бірден-бір құрал болса, ол тарих. Жалпы, өскелең ұрпақ өз елінің тарихын білуі керек. Сондықтан біз мектептің бағдарламасын жаңарту бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Соның ішінде тарих пәні. Сол тарих пәнін қарасаңыздар, мысалы, алтыншы сыныпта оқушылар VI ғасырдан XVIII ғасырға дейін бір сыныпта, бір жылдың ішінде бәрін зу еткізіп өтіп шығады. Ал бірақ бұл қазақ үшін, Қазақстан үшін қандай кезең болды? Бұл Түрік қағанаты кезеңі болды. Бұл кезең жалпы қазақтарда, ұлы далада мемлекеттіліктің болғанын көрсететін кезең болды. Бұл

уақытта Алтын орданың кезеңі болды. Бұл уақытта біздің Қазақ хандығының уақыты болды. Демек, өркениетіміздің бар екенін, мәдениетіміздің бай екенін, тарихымыздың терең екенін көрсететін, жалпы, біз қайдан келдік, қайда бара жатырмыз, біз кімбіз деген сұраққа жауап беретін ең маңызды кезең дәл осы кезең деп те айтуға болады.

Сондықтан бұл кезеңді алтыншы сыныпта зу еткізіп өткізіп, одан кейін жетінші сыныптан бастап XVIII ғасырдан XX, XXI ғасырларға дейін созып отырудың қандай мән-мағынасы бар? Біз сол кезеңді түсініп алмасақ, сол кезеңге қатысты балаларымызда бір түсінік қалыптаспаса, ары қарай тарихты өту, оны түсіну өте қиын. Осы ұлы өркениеттердің мұрагері екенімізді біздің балаларымыз білуі керек. Қазақтарда мәдениеттілік болғанын түсінуі тиіс. Сол уақытта басқа мемлекеттермен тереземіз тең, басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастарымыз болғанын, сол уақытта біздің ата-бабаларымыз осыншалықты ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалғанын, олар қандай үлкен империя болғанын, үлкен өркениет болғанын білуі керек. Олай болатын болса, біз оны тек бір сыныпта зу еткізіп өтпей, асықпай, балалар түсінетіндей етіп өтуіміз қажет. Сондықтан Түрік қағанаты уақытын, одан кейінгі Алтын орданың кезеңін бөлек, Қазақ хандығы уақытын бөлек қарастырған жөн.

Сосын олардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынасы бар екенін, бір мемлекет, бір ұлттың бір кеңістікте болғанын көрсететінін де білу біздегі ұрпақтар сабақтастығына үлкен әсерін тигізеді. Біз осы оймен тарих пәнінің мазмұнын жаңартып отырмыз. Біз тек қана оны мектепте қалай өтеміз, балалар оны қалай түсінуі керек деген бағытта және оларды отаншылдыққа үндеу мақсатында жұмыс істеп жатырмыз», – деген еді бір сұхбатында Асхат Қанатұлы.

Тарих пәнінің мұғалімі ретінде министрдің бұл ісін мен де қолдаймын. Ұлт қамын, ұрпақ қамын ойлаған ұстаз ғана осындай батыл қадамдарға, түбегейлі өзгерістерге бармақ. Және бұл өзгеріс балаға тарихымызды танытудағы тиімді тәсіл болатынына кәміл сенемін.

Мәлдір КИЗБАЙ,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123
мектеп-гимназияның тарих пәні
мұғалімі.

● ТӘРБИЕ

Балалар жылы
2022

ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ
баланың ой-өрісін дамытады

Соңғы уақытта мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту тұрғысында көптеген пікірлер айтылып жатады. Әрине, бұл әрбір адамның интеллектуалдық, әлеуметтік-эмоционалдық және физикалық әлауқатын дамытудың негізі.

Елімізде ұзақ жылдар бойы білім беру жүйесінің басым бағыты балаларды көбірек қамту үшін жаңа мектепке дейінгі ұйымдарды ашу үлкен мәселе болды. Қазіргі кезде балалар мекемелері көптеп ашылып, ендігі жерде бұл бағытта аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды қамтуды кеңейтуге бағытталған жұмыстар жалғасып жатыр. Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім берудің мазмұны мен сапасы бағытындағы соңғы бастамалары көңіл қуантады. Тіпті, бұл бастамаларды тәуелсіздік жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру мазмұнын түбегейлі өзгертетін ең үлкен реформа деп те айтуға болады. Биылғы Балалар жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа Мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламаларының қабылдануы осы мәселедегі басты қадам болды. Мұнда баланың барлық аспекті бойынша «толық дамуы» бірінші орынға қойылған. Сонымен қатар, мұнда интеллектуалды, құндылық, әлеуметтік-эмоционалдық және физикалық даму да бар. Мәселен, баланың дамуына қатысты мақсатқа жету үшін стандартта бірқатар өзгеріс бар.

Біріншіден, оқу жоспарының икемділігі кестені және сағат жүктемесін қатаң реттеуді болдырмау арқылы қамтамасыз етіліп отыр. Ендігі жерде мектепке дейінгі ұйымдар өздерінің күн тәртібін еркін түрде әзірлей алады. Бұл еркіндік ең алдымен тәрбиешілердің әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдануларына, минут сайын қатаң кестеге бағынып отырмай, күні бойы балалар үшін ойын және оқу жаттығуларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, жаңа стандарт «ойын арқылы оқыту» қағидасына негізделген ерте жастағы балаларды дамытудың негізгі әдістемесіне оралуға мүмкіндік береді. Бұрын Үлгілік



оқу жоспарларында сағат саны қатаң көрсетілетін. Мұндай әдіс сабақты кесте бойынша мектептегі сабақтары сияқты ресми түрде өткізуге әкелді. Оған қоса, бұл балабақшаларға аттестация беру кезінде тексеру нысанасына айналды. Өйткені, стандарттың орындалуы жұмыс істеген сағат саны бойынша қатаң тексерілді. Сабақ түріндегі мұндай оқыту осы жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді.

Үшіншіден, жаңа үлгілік оқу жоспарында біз мұғалімдер мен балалар арасындағы өзара іс-қимылының негіздерін қарастырдық. Оларға балалардың сөйлеуін дамыту, кітап оқу, математика негіздерін үйрету, шығармашылық және зерттеу жұмыстарымен айналысу бойынша күнделікті жұмыс кіреді. Бұл қызмет түрлерін үй жағдайында да дамыту маңызды. Мәселен, TIMSS 2019 зерттеуінің нәтижелері көрсеткендей, ата-анасы ерте жастан кітап оқуға, танымдық ойындарға, жазуға, санауға және сызуға ерте үйрететін 4-сынып оқушылары ата-аналарының қолы босағанда ғана айналысатын балаларға қарағанда математикадан 15 ұпайға жоғары жинайды екен.

Төртіншіден, аталмыш стандартта баланың бойына құндылықтарды сіңірудің тәсілдері мен әдістері көрсетілген. Бұл ұлттық, отбасылық құндылықтар, патриоттық сезім,

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фарида ҚЫЗЫРХАНҚЫЗЫ,
№187 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

«ОЙНАМАҒАН БАЛА ОЙЛАНБАЙДЫ»

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруға белсене кірісіп жатырмыз. Қазіргі кезде пилоттық жобалар және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшем шарттары апробациясы Алматы қаласы бойынша біздің №187 бөбекжай-балабақшада іске асып жатыр. Халқымызда «Ойнамаған бала ойланбайды» деген сөз бар. Қазіргі таңда сөзден іске көшіп, баланың қалауы бойынша кез келген өзінің қалаған дамытушы ортасында танымын ойын арқылы дамытуға күш салудамыз. Жаңа бағдарламада адамгершілік, ұлттық құндылыққа баса мән беріп, бөбектерімізді балабақшадан бастап, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін ояту үшін асықпен ойнатып әрі ойландырып жатырмыз. Балабақшадағы әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде танымдық зияткерлік, кеңістікті бағдарлай білу, сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық және де физикалық қасиеттерді дамыту үшін асықтың рөлінің зор екені байқалады.

Отанға деген сүйіспеншілік, қоғамдағы мінез-құлық ережелері, қауіпсіздік ережелері және т.б.

Өз кезегінде тәрбиеші балаға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсінуге, сыпайы және мейірімді болуға, дос болуға, құрметтеуге, көмектесуге, бір нәрсені бөлісуге, қызығушылық танытуға, қоршаған әлемді бақылауға, зерттеуге және т.б. үйретеді. Бұл құзыреттің барлығы жетекші елдердің, соның ішінде Финляндия, Гонконг, Эстония, Оңтүстік Кореяның бағдарламаларында нақты көрсетілген. Жалпы, бұрынғы стандартта балаларды тәрбиелеу мен оқытуда шектеу қою, белсенді ойындарға уақыттың жеткіліксіздігі, «партада» ұзақ отыру басым болса, жаңа стандарт мектепке дейінгі ұйымдарға ыңғайлы болуға, құндылықтар мен құзыреттіліктерді дамытуға және жас балалар үшін табиғи ойын үлгісін кеңінен қолдануға бағытталған.

Жаңаша ойнау мен ойлауды қатар қамтыған жаңа стандарт баланың мектепке дайындығына, алдағы білім жолы мен өмірінде жетістікке жетіп, жан-жақты дамуына нақты әсер етеді.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



БРИФИНГ

АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі басталады



Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Қуаныш Түменбаев жалпыға бірдей декларациялау туралы айтып берді. Мегаполисте мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік мекемелердің 100 мыңнан астам қызметкері және олардың жұбайлары активтер мен міндеттемелер жөніндегі декларацияны тапсырады. Спикер Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілгенін және оның 4 кезеңде өтетінін еске салды.

«2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғалар үшін жалпыға бірдей декларацияны енгізудің бірінші кезеңі басталды.

2023 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері мен олардың жұбайлары, 2024 жылдан бастап – заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары, 2025 жылдан бастап азаматтардың қалған санаттары декларация тапсыра бастайды, яғни елдің барлық ересек тұрғыны», – деді ӨКК спикері.

Ол мемлекеттік мекемелер санатына тек бюджет есебінен ұсталатын мекемелер қарайтынын айтты (денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, білім беру, мектепке дейінгі білім беру саласын және т.б. қоса алғанда). Ал квазимемлекеттік сектор –

мемлекеттің қатысуымен құрылған құрылым. Квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет қатысушысы немесе акционері болатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлесі бір еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар.

Бүгінде Алматы қаласы бойынша мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны 100 мыңнан астам адамды құрайды.

Алматы МКД өкілі активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда қалай көрсетілуі тиіс екенін айтты. Осылайша активтер мен міндеттемелер туралы Декларациялау жүйесіне кірген күнге жинақталған активтер мен міндеттемелерді



тіркеу үшін ұсынылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелген жылжымайтын мүлік пен көлік құралдары туралы мәліметтер декларацияда көрсетілмеуі тиіс.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну тәсілдері:

Декларацияны «салық төлеушінің кабинеті» арқылы электронды түрде беруге болады (cabinet.salyk.kz), «электрондық үкімет» порталы (eGov.kz), сондай-ақ esalyq azamat мобильді қосымшасы арқылы 15 қыркүйекке дейін. Ал қағаз тасығышта ұсыну мерзімі 15 шілдеге дейін.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік бар.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 272-бабының 1-тармағына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынбау – алдын ала ескертуге әкеп соғады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 272-бабының 2-тармағына сәйкес әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жалпыға бірдей декларациялау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда жеке тұлғалар 1414 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығынан кеңес ала алады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮЙЕ

Ақша аударымында нені ескеру керек?

Соңғы күндері тұрғындар WhatsApp әлеуметтік желісінде белгілі банктің мобильдік қосымшасына келген күдікті мазмұндағы SMS-хабарламалар алып жатыр.

Банк қосымшасына «Қателесіп сізге 100 мың теңге ақша жіберді және ақшаны қайтаруды сұрайды» деген аты-жөні көрсетілген хабарлама келген. Хабарламаның төменгі жағына ақшаны қайтару батырмасы мен «мен аударымды қайтару туралы өтініш алдым. Бұл нені білдіреді?» деген сұраққа жауап беретін сілтеме тұрады. «Ақшаны қайтару» дегенді басса, өзінің банк шотындағы ақшаны аударып жіберуі мүмкін.

Мамандардың айтуынша, ақшаны қайтармас бұрын шотында өзге біреуден аударылған артық ақша бар-жоғын банкке хабарласып, мән-жайды біліп алған жөн. Бөтен біреуден ақша түскеніне көз жеткізу қажет.

«Қазір банк қосымшасы арқылы бәрі оңай болғанымен, барлық қызмет түрін қолдана берудің қажеті жоқ. Кез келген банктен келген қоңырауға мәселені білген соң, банкке «қазір өзім хабарласамын» деп қоя салу керек. Содан соң банктің call-орталығына хабарласу керек. Иә, осылай ватсапқа жазыңыз, мен сізге терминал арқылы салып жіберемін деп айту керек. Біреуге алаяқ деп айтып жала жабуға да болмайды.

Бірақ осындай тәсілді білетін, интернет жүйесінен хабардар маман жасайтын сияқты. Кез келген адам біреудің банк шоттарында қанша ақша барын, адам туралы біле бермейді. Аударым түсу үшін оның телефон нөмірін білу керек. Бізде дербес деректер және оларды қорғау туралы заң бар. Оператор, үшінші тұлға (банк) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болғызбауды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл алаяқтықты табу үшін алдымен жергілікті полицияға шағымданып, алаяқтың



кім екенін анықтау үшін іске жақсылап тергеу жүргізу қажет», – дейді заңгер Жанбота Кәрібекова.

Көбіне алаяқтар қолданатын жаңа әдіс деуге болады. Олар банк тұтынушының атынан шотыңызға ақша түскені туралы хабарлама жолдап, артынша телефон соғып немесе банк қосымшасы арқылы ақшаны қайтаруды сұрайды. Шотты банктің мобильді қосымшасы немесе банк операторымен ресми нөмір арқылы байланысып тексеруге болады. Банк қосымшасына түскен ақша таныс адамнан түсуі әбден мүмкін. Сол үшін хабарламаның жалған не жалған еместігіне әбден көз жеткізген абзал. Егер шыныменде бейтаныс адам қателесіп, ақша аударып жіберіп, бірақ ақшаны қайтару жөнінде хабарласпаса, бірден банкке хабарласу керек. Ақшаны қайтаруға келісім беру туралы жазбаша өтініш жазылады. Заң бойынша банк сонда ғана төлемдерді қайтару рәсіміне сәйкес кері төлем жүргізеді.

Ал егер де керісінше банк тұтынушысы өзі картаны, шотты қате теріп, ақшаны басқаға аударған болса, банкке хабарласу керек. Әр банктің осындай мәселені шешуде ұсынатын қызметі әртүрлі. Қате жіберілген әр шоттағы ақша алушының келісімімен ғана қайтарылады.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

15 желтоқсанның бастап полицейлер республика аумағында заңсыз ағаш кесуді анықтау және жолын кесу шараларын бастады. Бақылауды күшейту мақсатында автожолдарда, сондай-ақ базарларда және басқа жерлерде 300-ден астам мобильді топ құрылған.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Заңсыз шырша сатқандарға қанша айыппұл салынады?

«Жаңа жылды қ мерекелер қарсаңында полицейлер табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын бақылауды күшейтті. Елді-мекендерде қылқан жапырақты ағаштардың сатылуын бақылау, оларды белгіленбеген жерде өткізуге тыйым салу, сондай-ақ тиісті құжаттарға тексеру жүргізіледі», – деді Ішкі істер министрлігінің өкілі апталық онлайн-брифингте.

Оның айтуынша, қылқан жапырақты ағашты сатуға рұқсат болмаса, сатушы жасыл желекті күтіп ұстау және қорғау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Осы бап бойынша: жеке тұлғаларға 15 АЕК мөлшерінде, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады немесе ескертулер жасалады.

«Орман көшеттерін заңсыз кесу анықталғанда ҚР Қылмыстық кодексында бас бостандығынан айыру түріндегі ең жоғары жаза көзделеді. Аталған алдын алу шарасы жаңажылдық мерекелерге дейін жалғасады», – дейді ҚР Ішкі істер министрлігінің өкілі Ш.Тұрлыбек.



Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ



Әйгілі Диего Армандо Марадона: «бапкерлер ешқашан жеңіске жетпейді: мейлі Марадона, Менотти немесе Билардо болсын. Нағыз жеңімпаздар тек ойыншылар ғана болады». Осы сөздің жаны бар. FIFA 2022 кіл мықтыны айқындады. Мықтылар сайысты. Бабы мен бағы келіспегендер 2026 жылды күтеді. Бәлкім, сол кезде жарық жұлдыздар шығар. Осы жолғы футболдан төртжылдықтың басты бәсекесінде айрықша өнер көрсеткен ала доп шеберлерін танып қалдық.

МЕЖЕ

Оңтүстік Америка құрлығы талай мықтыны дүниеге әкелді. Атақты бразилиялық аңыз футболшы Пеле, аргентиналық аяқдоп шебері Марадонаның жүріп өткен жолы көпке үлгі.

Аргентина әлемді футболшыларымен таңдандыруда. Дүниеге мәшһүр Лионель Мессиді тудырған топырақта талай мықтылар шығарына сенімдіміз.

Жалпы, бір нәрсе аян. Қазақтың «қайратты ерге бақ қонар» дегені рас. Осы ұлағатты сөздің астарында талай нәрсе мүлгіп жатыр. Өйткені, еңбек қылмай, құр салпандап жүрсеңіз, бақыр түгілі, қара тастың өзін табу мұң. Сондықтан әбден шындалған, ысылған, өз-өзін көпке дәлелдеген жандардың бәріне бірдеме жетпейді. Ол не дерсіз? Әрине, тұрмыстың тапшылығы дейтін едік. Ел арасында «сананы тұрмыс билейді» дейді. Капиталистік елдердің бәрін тұрмыс алаңдатары анық. Онда өмір сүретін жұрттың бәрі, ең мықты, ең үздік, ең көркем болуға тырысады. Бұл – өмірдің жазылмаған заңдылығы болса керек-ті.

БЕЛЕС

Бұрынғылар «дара ағаш бір жерде ғана көгереді» дейтін. Өте астарлы әрі мағынасы терең сөз. Мұның астарына үңілсеңіз, талай дүние су бетіне шыққалы тұр.

Мессиді қарапайым отбасының тумасы. Асып-тасып бара жатқан байлығы да жоқ. Ата-анасы да олигархтар емес. Дейтұрғанмен, адамда ынта деген мінез бар, сол болса, бәрі біртіндеп орындалмақ.

Әйгілі футболшының бойында игі қасиеттер мен адамзатқа айрықша қажет асыл қасиеттер кездеседі. Мұны футбол сарапшылары, достары, ол туралы ой-пікір білдірушілерден білеміз. Мұндай ізгі тілектер мен ыстық қайратты сөздер ғаламторды аша қалсаңыз, самсап тұр. Сондай жақсы қасиеттерін төменде топтастырдық.

Игі қасиеттері:

- Еңбекқорлық;
- Алғырлық;
- Тынымсыздық;
- Табандылық және т.б.

Осы қасиеттердің баршасы оның өне бойынан табылады. Үнемі алға ұмтылады. Бойының аласа болғанына байланысты талай мәрте қағажу көрсе де, сынбады. Қайта тұрып, ілгері басты. Бұл – нағыз ерге тән мінез.

Мессиді әлем футболының тарихындағы кәдімгі жарық жұлдыз. Футболшының жүріп өткен жолы үлгі ғана емес, сондай-ақ жас өрендерге мотивация деп білеміз.

Қазіргі жастар бойының қысқалығына, жүзінің қисықтығына немесе ата-анасының кедейлігіне және тағы да басқа кем-кетікке намыстанады. Шын мәнінде адам өзі жанып тұрса, алға ұмтылып, онша-мұнша кедергіге бой алдырмаса, нағыз мықты, дүйім елді өзіне қаратқан мықты болары хақ. Сол себепті де, әркім өз саласынан жаңылмағаны абзал деген ойдамыз.

БАҒЫ ЖАНҒАН ФУТБОЛШЫ

Әлемдік футбол тарихында есімі алтын әріппен жазылатын екі аяқдоп шебері болса, соның бірі – Мессиді. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, бала күнінде көп қиыншылық көрген балалар өскенде үлкен мақсаттарға жетеді екен. Өйткені, әбден ысылып, өмірдің барлық

Дүниежүзілік футбол додасы өз мәресіне жетті. Француздар оңай қарсылас болмады. Аргентина құрамасы да барын салды. Сөйтіп, диттегендеріне жетті. Бұл жолғы дода бұрынғыдан өзгереді өтті. Біреуге бақ қонса, енді бірі сан соғып қалды. Дейтұрғанмен, ойынның аты – ойын.



МЕССИ

Бағы мен бабы келіскен әйгілі спортшы

5 ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК:

• Мессидің тұңғыш келісім-шарты қол сұртетін қағазға жасалған. Оның әкесі Хорке Барселона директоры Карлос Рекшасқа жылдам қол қоюды өтінген. Мейрамхана даяшысынан қол сұртетін қағаз сұрап, келісім-шартты соған жасаған.

• 2004 жылы 16 қазанда Лионель Мессиді Барселона сапында Эспанольға қарсы өнер көрсетіп көзге түседі. Сол жылы 17 жасында Испания біріншілігінде кәметке толғаннан кейін берілетін «ең үздік жас футболшы» атағын иемденеді.

• Ол әлемдегі футболшылар алатын ең басты номинация – «Алтын допты» 6 рет, «Алтын бутсыды» 3 мәрте алған бірден-бір рекордшы.

• Аргентиналық танымал CULE спорт басылымы жерлестерінің құрметіне газеттің атын өзгертіп бір рет ЛЕО деп шыққан.

• Сарапшылар оның сол аяғының ептілігін Марадонаның аяғымен салыстырса, жылдамдығын Кройф пен Роналдиньоға теңестіреді. Мессидің спорттық карьерасында 642 артық ойын өткізіп, 550-ден астам гол соққан нағыз талант иесі.

соқпағынан өткендер есейген шағында кез келген жағдайға дайын болатын көрінеді. Ойша бағамдар болсаңыз, әрбір жетістікке жеткен адам үнемі өзін жетілдіргені байқалады. Мәселен, жастайынан ата-анасына жәрдемдесіп қолғанат болады. Сонымен қатар, айналасына жанашыр болып келеді. Ол жанның бойында адамзатқа деген ішкі құрметі мен дүниені танып-білуге қатысты энергиясы мол болады. Осылайша айналасына шуағын

шашып жүреді. Бүгінгі біздің кейіпкерімізде осы аталған қасиеттердің барлығы бар. Сол себепті де, келтірілген мысалдарға арнайы тоқталып, қысқаша айтуды жөн санадық.

Аргентиналық Лионель Андрес Мессиді дүние жүзіндегі ең үздік, ең мықты кәсіпқой футболшы. Жарық жұлдыз, ала доптың супер шебері туралы 5 қызықты дерекпен бөлісеміз.

ТҮЙІН:

Америкалық жазушы Джек Лондон «Адамның негізгі міндеті күнелту емес, өмір сүру» депті. Осы ойды былайша толықтырған болар едік. Адам болып дүниеге келген, аман-есен денсаулық берген соң, маңдай-терді сығып жүріп қызмет қылған дұрыс. Өйткені, уақыт зымырап барады. Бүгін істемеген іс ертең кеш болуы бек мүмкін. Алайда, құр қол қусырып, қарап жүруге болмайды. Осындай алтынға бергісіз сөздерді арнайы жаздық. Бәлкім, қазақтың өз «Мессиді» болып қалар. Ол үшін нәтижелі еңбек етуден бас тартпаған жөн. Әйтпесе, кейбір істің уақыты өтіп, диттегеніңізге дәп кезінде жете алмауыңыз ықтимал. Бірақ қайратты, ақылды, ынтасы зор адам мақсат-мұратына адаспай жетеріне кәміл сенеміз.

Бір нәрсе анық. Егер де біздің осы жолғы басты фаворитіміз сияқты әрбір қаракөзіміз өз-өзіне талап қойса, соған жету үшін бәрін жасаса, міндетті түрде дегені болары айқын.

Арманшыл қанатыңыз талмасын!

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ӘЛЕУМЕТ

«ШАПАҒАТ» науқас балдырғандардың әрқашан жанында

«Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығына биыл 10 жыл болды. Осы мерейлі күнге орай Алматыда «Шапағаттың» шапағатын көріп, сезініп жүрген, қоларбада отырған балдырғандардың өздері де мерекені ән-жырмен өрнектеді.

Мерекеді әлеуметтік қызметкерлердің өзі ән салып, би биледі. Олардың «Бізге бүгін 10 жыл» әні көңілдерден шығып, ыстық ықыласқа бөленді. Тіпті, «Шапағаттың» шапағатын көріп, сезініп жүрген, қоларбада отырған балдырғандардың өздері де мерекені ән-жырмен өрнектеді.

Орталықтың қызметкерлері мен балалар бірігіп жасаған түрлі бұйымдар да көрмеге қойылып, көптің көзін қуантты. Ал фотокөрме балалардың түрлі кезеңде, түрлі іс үстінде, сабақ кезінде түскен суреттерімен көмкерілді.

Қай кезеңде де, қай елде болмасын, ұрпақ тәрбиесі – бағдарлы болашақтың бастауы. Тәуелсіздігіне тәубе етіп, Мәңгілік ел болуды мұрат тұтқан халқымыздың рухани бай дүниесінің өлшемі мен өресі де осы бала денсаулығында, бала тәрбиесінде жатыр. Осы орайда, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға кіріктіріп, ортаға бейімдеуді ұстаным қылған «Шапағатқа» ата-аналардың айтар алғысы да шексіз. Себебі, оларға мемлекет «дімкәс балаңызды біз қарап берейік, сіз күні бойы алаңдамай жұмысыңызды істеп, табыс тауып, мұқтажың көрмеңіз» деп жағдай жасап отыр. Аталған орталыққа ата-аналар балаларын таңертең әкеліп тастайды, кешке алып қайтады. Дәлірек айтсақ, оларды арнайы «Инвотакси» тасымалдайды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Шапағатты» мерекесімен құттықтаған Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастышы Нәзира Тоғызбаева қандай жағдайда да төзімді, сабырлы, көп отбасының ауыртпалығын бір кісідей көтерісіп, жеңілдетуге үлес қосып жүрген әріптестеріне ілтипатын жеткізді. Алдағы уақытта да толағай табыстар тіледі.

«Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығының белді мамандары кеудесіне мерекелік медаль тақты. Бүгінде зейнеттік демалыста

жүрген бұрынғы қызметкерлер де ортаға шақырылып, олар да «Алғыс хатқа» ие болды.

«Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығының директоры Нұрзия Әлімбаеваның сөзіне сүйенсек, бүгінде орталықтан 1,5–18 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен 18–35 жас аралығындағы мүгедек жандар қызмет алады. Олардың жалпы саны – 265. «Шапағат» көпсалалы оңалту орталығының ерекшелігі – барлық үлкен-кіші қызмет алушыларға медициналық, әлеуметтік, педагогикалық кәсіби қызметтер көрсетіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Битан СӘЛІМБАЕВА,
зейнеткер:

БАЛАЛАРДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН

Қазір еңбек демалысындамын. Осы орталықта жұмыс істеген күндерімді сағынамын. Мұндай орталықта жұмыс істеу оңай емес, ол үшін үлкен жүрек, мейірім, төзім керек. Себебі, денсаулығында кінәраты бар, жейке ауруына шалдыққан балақайларды қарау, бәріне ие болу қиын ғой. Бірақ бәрімен тіл табысуға, көңіл бөлуге тырысатынбыз. Қазір де солай екені сөзсіз. Мен балаларға «Еңбек сабағын» өттім. Олардың диагноздарына қарай, беті-қолын жууды, өз киімін киуді, түймеленуді, қасық ұстауды, ыдыс жууды, үй жинауды, жалпы күнделікті өмірге қажетті қарапайым дағдыларды үйреттім. Оларды шын ниетіммен жақсы көрсем, олар жылылықты сезінеді. Мен барлық баланы жақсы көрдім.

ОҚЫРМАН АЛҒЫСЫ

ШЕТЕЛ АСЫП КЕРЕГІ ЖОҚ немесе отандық дәрігерлердің білім-білігі туралы

Бізге жуырда отандық режиссер, «Almaty aqshamy» газетінің тұрақты оқырманы Марат Қабышевтан хат келді. Ақ халатты абзал жандарға ілтипатын білдіргісі келіпті.

– Кейде отандық медиктердің қадірін білмей жатамыз. Емделу үшін көп қаражат шығарып, шетел асып жатқандар қаншама. Ал өз дәрігерлеріміздің ішінде басқа мемлекеттегі ақ халаттылардан асып түсетіндер аз емес, – деп бастапты хатын ол. – Ақтөбеге іссапармен жүрмекші едім. Күтпеген жерден ауыр халде №4 Алматы қалалық клиникалық ауруханасының хирургия, урология бөлімшесінен бір-ақ шықтым. Өліп, тірілгендей күй кештім. Ғылыми тілде «жедел панкреатикалық шабуыл» деп аталатын, өт қабындағы ірі тастың аяқ астынан бүкіл денемді тесіп өтетіндей түйреп, жанымыды көзіме көрсетіп, аласұрған сәтімді қалай ұмытпайын. Бақытыма қарай, шынайы ақ халатты абзал жандарға жолығыппын. Маған ота жасаған профессор, хирург Абылай Ниятұлы, бөлім меңгерушісі Ұлан Қанатханұлы, ем-дом жасаған дәрігер Еркебұлан Болатұлы, аға мейірбике Гүлбану Нұрғожақызы өз ісінің кәсіби шеберлері, адал, ақкөңіл, кішіпейіл, мейірімді, жауапкершіліктері күшті мамандар екен. Олар жеделдете қарап, мұқият тексеріп, тез арада нақты, қажетті шара қолданбаса өмірмен қоштауым да сөзсіз еді. Қазір емделіп жүрмін. Ағзамдағы өзгерістерді жіті қадағалап, пайдалы ақыл-кеңестерін айтып, өте бір нәзік ептілікпен ем-домдарын жасап, туған бауырларындай қамқорлық көрсетуде.

Еліміздегі медицинаның жылдан-жылға дамып келе жатқанына шүкірлік қылдым. Кеңестік кезеңде



түсіне де кірмейтін заманауи керемет құрал-жабдықтар, бұл аспаптарды қолдануды және өз мамандығын жетік меңгерген, науқастарға қатты көңіл бөліп, жанашырлықпен қарайтын үлкен жүректі, ақпейіл дәрігерлер жетіп-артылады өзімізде де. Барды бағалай білейік дегім келеді.

Ал Ұлттық қауіпсіздік қызметінің ардагері, отставкадағы полковник Сағидолла Сықымбайұлы жас дәрігер туралы айтқысы келеді.

– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласындағы Аймақтық әскери госпиталінің іш-құрылыс аурулары емдейтін терапия бөлімшесіне түстім. Бөлімшедегі жетекші дәрігерлердің бірі – лейтенант Азамат Батырғалиұлын айрықша атап өткім келеді. Азамат нағыз азамат екендігін ісімен де, сөзімен де дәлелдеп келе жатқан шипагер жандардың бірі. Азаматтың өте терен білімділігі мен қатар тәжірибесі де толыққан нағыз маман екендігіне көзім жетті. Өзі қарайтын әрбір науқастың дертін дәл тауып, соған орай емін тағайындап, жұмыс уақытысы әлдеқашан бітсе де жағдайы нашарлау науқастардың жанынан

шықпай, дертіне демеу болып жүргенін көресін. Менің де қан қысымым өте жоғары болып, төрт күн ұдайы түспей, оның үстіне бауырдағы кеселім асқынып кетіп, мүшкіл халде жеткен едім. Осы Азаматтың арқасында үш-төрт күнде қан қысымым орнына түсіп, он бес күнде құлан-таза айығып шығуыма білікті дәрігердің білгірлігі сеп болды. Осы Азамат Батырғалиұлының 2018 жылы жастар арасындағы «Көшбасшы–2018» байқауында «Үздік дәрігер» номинациясы бойынша бірінші дәрежелі дипломға ие болуы біздің сөзіміздің жақсы дәлелі болса керек.

Атаулы күн ретінде ресми бекітілген Дінмұхамед Қонаевты еске алу күні, яғни 22 тамызда бірқатар іс-шаралар өтті. Алматыда еске алу күні аясында Кеңсай зиратында құран оқылып, қайраткердің қала орталығында орналасқан бюстіне гүл шоқтары қойылды. Шараға Д.Қонаевтың туыстары мен жақындары, Алматы қаласы әкімшілігінің өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Дәл осы күні Д.Қонаев музейінде жаңарған экспозиция бойынша экскурсия өтті.

Еңбегі ел тарихында мәңгі қалатын тұлғаның мерейтойын мерекелеуде өзге өлкелер

де қалыс қалған жоқ. Алматы облысындағы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында Д.Ахметұлының 5,3 метрлік ескерткіші бой көтерсе, ал Тараз қаласында еңсесі 8 метрге жететін ескерткіш орнатылды. Ал Қонаев қаласында Қапшағай су электр станциясының салынуына ықпал еткен Дінмұхамед Қонаев, Асанбай Асқаров пен Шапық Шөкинге мемориалдық ескерткіш ашылды. Сондай-ақ, Түркістан қаласында мерейтойға орай көрме-конференция, ал Шымкент шаһарында «Қонаев – ұлы тұлға» атты іс-шара ұйымдастырылды.

P.S. Біздің газетіміз де ұлтымыздың асыл ұлдарының бірі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың мерейтойын айналып өткен жоқ. Жыл бойы қазақ басшысының өмірі мен еңбек жолына қатысты эксклюзивті ақпараттармен бөлістік. Атап өтсек, 23 тамыз күні газетіміздің №97 нөмірінде «Мен халқыма сенемін» атты Молдағали Омаровтың мақаласы жарияланды. Бұл мақаланы қазір almaty-akshamy.kz сайтының эксклюзив бөлімінен оқи аласыздар.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Бекзат болмысты Өзаған

Өткен ғасырдың екінші жартысында ел тарихы мен мәдениетін жаңғыртуға, ұлттың мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мол еңбегін сіңірген алып тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол атақ-абырой үшін емес, қазақ ұлтының жарқын болашағы үшін тер төкті. Кеңес заманындағы идеологияға қарамастан қара басының қамын емес, халықтың игілігін ойлады. Осындай жанашыр ұлдарын ұлтымыз әрқашан ұлықтайды.



Суретті мүсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

деректер айтылды, белгілі этнографқа арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Қазақстанның бірнеше аймақтарындағы мұражайлар қорындағы Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты құнды жәдігерлер мен ҚР Ұлттық кітапханасының қорындағы кітаптар қойылды.

«Өзбекәлі Жәнібеков – тек ғалым ғана емес, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол қазақ халқының ұлттық мәдениетін, ана тілін дамыту, ұлттық салт-дәстүрін жаңғырту ісіне үлкен үлес қосты. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамының жандануына, киелі Тайқазанның Қазақстанға оралуына тікелей басшылық етті», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Конференцияда алғашқылардың бірі болып сөз алған ақын Олжас Сүлейменов Ө.Жәнібеков жайлы жүрек тебірен-тер естелігін айтты.

«Кеңес заманында мемлекетіміздің дамуына үлкен үлес қосқан адамдарды ата десе, санаулы азаматтың ғана есімі ойыма оралады. Олар: Дінмұхамед Қонаев, Бәйкен Әшімов және Өзбекәлі Жәнібеков. Өзбекәлінің кезінде мемлекетіміз гүлденіп, өркендеп, жақсы бір кезеңдерді өткерді. Ол көп адамға ұстаз, адал дос бола білді. Сол адамдардың арасында өзім де бармын. Өзбекәлінің жақсы бір қасиеті, ол кез келген

адамды түсіне білетін. Айналасындағы адамдарға кеңесін айтып, қолдау білдіріп жүруші еді», – деді Олжас Омарханұлы.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақтың «бес арысы» атанған А.Байтұрсынұлының, М.Жұмабаевтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, Ш.Құдайбердіұлының «ісін» қайта қарайтын Орталық Комитеттің комиссиясын ұйымдастыруға мұрындық болып, Алаш партиясы көсемдерінің есімдері мен еңбектерін халыққа қайтару жөнінде көп жұмыс жасады. Бұл туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов сөз қозғады.

«Өзбекәлі Жәнібековтің басқа еңбектерін айтпағанда, Алаш қайраткерлерінің ақталуына сіңірген еңбегі бір төбе. Ол «халық жауы» деп айдар тағалған қазақ зиялыларына араша түсіп, олардың есімдері мен еңбектерінің халыққа танылуына барын салды», – деді Мұрат Мұхтарұлы.

Ө.Жәнібековтің арқасында Ұлы даланың бірегей ескерткіштері сақталып, қалыпқа келтірілді. Олардың қатарында Қожа Ахмет Яссауи, Тәжік, Ақ Ұйық, Қарахан, Айша-биді, Бабажа-Қатын кесенелері, Жаркент мешіті, Отырар ескерткіштері, т.б. бар. Ол Қазақстанда музей ісінің қалыптасуына зор ықпал етті, оның бастамасымен өңірлерде ондаған музей ашылды. Сондай-ақ, ол еліміздегі мәдени ошақтардың ашылуына себепкер болды, қазақ халқының көне музыкалық аспаптарын да зерттеді. «Шертер», «Адырна», «Алтынай» және тағы басқа фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Ансамбль мүшелерінің ұлттық киіміне дейін мән берді.

Белгілі этнографқа арналған жиынға Өзбекәлі Жәнібековтің туған-туыстары мен жақындары да қатысты. Қызы Жұлдыз әкесі жайында естелігімен бөлісті.

«Әкем өте гажап адам еді. Маған ол кісінің білмейтіні жоқтай көрінетін. Білімінің социалықты тереңдігіне таңқалатынымын. Ол құдды бір қазақ, кенес, бүкіл әлем энциклопедиясы секілді. Сан қырлы, өте сауатты адам болды», – дейді Жұлдыз Өзбекәліқызы.

Өзбекәлі Жәнібеков өз елін жан-тәнімен сүйген турашыл, ұлтжанды азамат еді. Ол өзінің қазақ екенін мақтан тұтатын, қазақтың тарихын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын зерттеуден, дәріптеуден еш қымсынған емес. Қазақ руханиятының қара нары атанған Өзағамыз кеңестік идеологияның тар шеңберіне бағынбады. Ол қашан да жастарға қолдау білдіріп, қазақ жастарын оқу-білімге, өнерге баулыды. Руға, елге бөлінгенді жаны сүймейтін Жәнібеков қазақ үшін қызмет етті. Былтыр Алаштың ардақты азаматы Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдығы кең көлемде аталып өткен еді. Бүгінде арамьзда өзі жоқ болса да, ол кісінің құнды еңбектері мен өз ұлтына жасаған игі істері ғасырдан-ғасырға жете бермек.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Таяуда Алматыдағы Ұлттық кітапхананың Н.Дәулетова атындағы залында мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібековке арналған «Бекзаттық болмыс биігінен көрінсек» атты конференция өтті. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мәдениетті, тарихты және этнографияны қолдау қоғамдық қоры ұйымдастырған шара өте кең көлемде өтті.

Ұлт жанашыры, қазақ халқының арда ұлы, Алаштың бекзаты Өзбекәлі Жәнібековке арналған жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекәлі Жәнібеков туралы жазған естелігін оқып берді. Сондай-ақ, конференцияға Қазақстанның Халық жазушысы Олжас Сүлейменов, қоғам қайраткері, ғалым Мұрат Әуезов, жазушы Жарылқасын Нұсқабай, әйгілі реставратор Қанат Тұяқбаев және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты. Алкалы жиында Өзбекәлі Жәнібековтің көпке үлгі болар істері мен еңбектері жайлы құнды



ТАРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл тәуелсіз Қазақстанның 6 млн-нан астам баласы тұңғыш рет Балалар жылын атап өтті. Бір жылдың кішкентай тұрғындарға арналуы олардың мерейін тасытып, үлкен армандарға жетелеп отыр. Осылайша үлкен армандар мен межелі мақсаттардың шеруі басталып кеткендей. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ағымдағы жылдың 19 қаңтарыдағы №780 Жарлығы негізінде осынау игілікті бастаманың жоспары бекітілген еді.

Бұл жоспардың негізгі мақсаты – балалардың дене бітімі мен зияткерлік, рухани, имандылық дамуына ықпал ететін жағдайлар жасап, олардың өмір сүру сапасын жақсарту, балалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ету екені белгілі.

Сонымен, басты жоспарға жалпы саны жетпіске жуық іс-шара бекітіліп, оның жиырма бірі баланың шығармашылық, спорттық, зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатына тікелей бағытталған еді. Себебі, әлемдік пандемияның екі жылында бұқаралық іс-шаралардың дені қысқарып, бұл жағдай балалардың өзара қарым-қатынасының «жетіспеуіне» әкеліп соқты. Сондықтан да аудандық, облыстық, республикалық мерекелерге, концерттер мен шығармашылық жобаларға оқушылар белсенді түрде қатысты. Әлі де қатысып жүр.

Бұл жылға арнап республикалық жоспардан басқа, 17 өңірлік, 280 аудандық, қалалық және білім беру ұйымдарының жоспарлары қабылданды. Жоспарлармен ғана шектеліп қалмай, түрлі ұйымдастыру шаралары да қарастырылған еді. Мәселен, министрлік ЖАО-мен, ОМО-мен бірлесіп, Балалар жылын ұйымдастыру түрде өткізу мақсатында түрлі шаралар қабылдады. Атап айтсақ, жедел штабтар құрылып, штаб туралы үлгілік ереже әзірленді, спикерлер пулы іске қосылды. Елімізде Балалар жылының логотипі жаппай қолданылды. Сонымен қатар, жоспарлар мен жоспардан тыс іс-шараларды іске асыру бойынша күнделікті, апта және тоқсан сайынғы негізде ақпарат жиналып, балалардың, оның ішінде жекелеген санаттағы балаларды қамту баса назарға алынды.

Жалпы, біздің еліміз бойынша балалардың саны 6,3 млн баланы құраса, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік қолдаумен 100 пайыздай жекелеген санаттағы балалар қамтылып отыр. Мәселен, осы балалардың 460 мыңы – аз қамтылған отбасынан шыққан балалар болса, 22 мыңы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.

Жыл санап, еліміздің экономикасы арта түсуде. Елімізде алғаш рет әл-ауқат индексі әзірленіп, оны іске асыру процесі жүзеге асуда. Бес айда 34 мың орынды 322 балабақшаның 9,4 мың орынды 130-ы ашылды, 300 мың бала үйірмелер мен секциялармен қосымша қамтылды. Сондай-ақ, бірінші рет Халықаралық зияткерлік, шығармашылық, спорттық олимпиадалардың 100 жеңімпазы мен жүлдегері «конкурс-тан тыс» қағидағы бойынша отандық жоғары оқу орындарының гранттарына ие болды. Балалар жылына тарту ретінде ең беделді деген халықаралық зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне алғаш рет ақшалай сыйлықтар табыс етіліп, олардың ұстаздары да марапатқа ие болды.

Жас ұрпақ санасына отансүйгіштік қасиет дарыту мақсатында «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» курсы алғаш рет енгізіліп отыр. Білім алушылардың білім сапасындағы алшақтықты азайту мақсатында тұңғыш рет үлгерімі төмен оқушыларды қолдауға бағытталған «Цифрлық мұғалім» жобасы да іске аса бастады. Мектеп пен ата-ана қарым-қатынасының форматы да өзгерді. Енді әдеттегі ата-ана жиналыстарының орнына педагог пен ата-ана консилиумдары өткізіле бастады. Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс 45 мың орынға ұлғайтылды. ЖОО гранттарының саны 15 мыңға артты. Колледжде алғаш рет оқуға түсушілер үшін белгілі бір жағдайлар жасалған түсу емтихандары алынып тасталды, талапкер 4 колледждің өзін және 4 мамандықты таңдаса, қабылдау квотасының тізбесі 9 санатқа дейін кеңейтілді.

Балалар жылында тегін ыстық тамақ берілген бастауыш сынып оқушыларының саны он пайызға артты. «Балаға лайық» республикалық акциясы арқылы мектеп асханалары мен санитарлық тораптардың жағдайы ерекше бақылауға алынды. Сондай-ақ, «Балалар игілігі үшін» балалар құқығын қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік жобалық офистерді құру бойынша жұмыс басталды. Қазір әр өңірде облыс әкімінің кеңесшісі және кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқығын қорғау жөніндегі өңірлік комиссия төрағасының орынбасары болып табылатын Бала құқықтары жөніндегі өңірлік Уәкіл институтын құру жөніндегі бастама қолдау тапты.

Ерекше балаларға – ерекше қамқорлық

Психологиялық-педагогикалық қолдау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидалары да бекітілді. Өңірлерде 19 түзету кабинеті және 7 оналту орталығы

ЕҢ БАҚЫТТЫ ШАҚ

Балалар жылында қандай өзгерістер болды?



ашылды. Балалар жылында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 98 арнайы мектеп-интернатқа арнайы жабдықтар сатып алынады.

Балалар жылына орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы №56-VII Заңына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық (түзету) қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы іске асырыла бастады. Және жасөспірімдер арасында депрессиялық мінез-құлық және суицидтік бейімділік белгілері туралы куәландыратын жарияланымдарды әлеуметтік желілерде мониторингтеу үшін жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, суицидтердің алдын алу бойынша «Alem Mental» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Жоба Қазақстанның коммуникациялық интернет ортасындағы суицидтік бейімділіктер мен көңіл күйлерді қадағалауға, алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік беретін шешімдердің біріне айналып отыр.

Балалар жылындағы ең маңызды жоба – республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы. Бұл жобаға еліміз бойынша 6400 кітапханашы мен 3,4 млн оқушы тартылды. Және де республикалық мектеп кітапханаларының кітап қоры 2,2 млн дана жаңа көркем әдебиетпен жаңартылды. Барлық білім беру ұйымдарында оқушылар мен олардың ата-аналарына тегін консультациялық көмек көрсету бойынша «Bala Qorgau» жобасы жүзеге аса бастады. Жаңа жоба аясында Balaqorgau сайты іске қосылып, QR-кодты бар тақтайша орналастырылған. Онда қиындықтарға тап болған оқушылар тақтайшалардан QR кодты сканерлеу арқылы көмек ала алады.

Балалар жылы жағымды жаңалыққа толы болды. Бұрын-соңды арнайы мектеп автобустары оңайлықпен жаңара қоймайтын. Есесіне, биылғы жылы ауқымды түрде жаңартылып, балалар қауіпсіз көлікпен қатынап жатыр. Еліміз бойынша 515 мектеп автобус сатып алынса, бұлардың қатарында Алматы қаласы да бар.

Сонымен қатар, балаларды түрлі жағдайлардан сақтандыру шаралары да қолға алынып отыр. Букмекерлік кеңседе, оның ішінде интернет желісінде ойыншыларды тіркеу МЕАО-да алдын ала тіркеусіз мүмкін болмайтын болды. Мәселен, бұдан былай 21 жасқа толмаған адамдар МЕАО-ға тіркеле алмайды, тиісінше, заңды жолмен ұйымдастырылған бас тігуге қатыса алмайды.

Барлық аймақтардағы мектеп және студенттер парламенттерінен 350 мың жас саясаткер өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды дамыту тұжырымдамасы негізінде түрлі мектептегі танымдық, шығармашылық және еріктілер жобаларын дербес жүзеге асырады. Министрлік мектеп парламенттерінің 500 көшбасшысымен 8 онлайн-тренинг ұйымдастырды.

Балалар әдебиетінің «Дана бала» сайты 100 кітап, ертегілер, көркем әдебиеттер және оқу-әдістемелік әдебиеттермен толықтырылды.

Интернет-ресурстар (телеграмм-бот, әлеуметтік желілер және т.б.) арқылы білім беру ұйымдарында қауіпсіз және жайлы ортаның қамтамасыз етілуіне қоғамдық бақылау тетігін құру және мектептегі тамақтану сапасын, асханалар мен санитариялық тораптардың жай-күйін бағалау бойынша «Балаға LIKE» республикалық акциясы іске асырылуда.

Жалпы, Балалар жылын ел Президенті тікелей назарында ұстап отыр. Өйткені, Қазақстанның болашағы – білімді, парасатты, тәрбиелі ұрпақтың қолында.

Сонымен, Астана қаласында Балалар жылы қорытындыланып, «Қазақстандағы балалар жылы: балалардың құқығын қорғау саласындағы өзекті мәселелер, түйінді сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» атты халықаралық конференцияға қатысушылар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелерді кеңінен талқылады.

Оның жұмысына Чехия, Хорватия, Венгрия, Қырғызстан және басқа да елдердің халықаралық сарапшылары, БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі өкілдері, Қазақстандағы БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), Парламент, үкіметтік емес ұйымдар, бала құқықтары жөніндегі уәкілдер, педагогтар, ата-аналар және балалар өкілдері қатысты.

Конференцияға қатысушыларды Білім министрі Асхат Аймағамбетов құттықтау сөзімен қарсы алды. Ол қатысушыларға балалардың құқығын қорғау саласындағы белсенділігі мен үлесі үшін алғыс білдіріп, Қазақстандағы Балалар жылын қорытындылады. Сондай-ақ, балалық шақтың өзекті мәселелерін шешудегі одан әрі жүзеге асырылатын іс-қимылдар мен тәсілдер қарастырылды.

Өрендердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді

Бұл мемлекетіміздің өскелең ұрпаққа жете көңіл бөліп, еліміздің болашағына қамқорлық жасау деңгейінің арта түскенін көрсетеді. Балалар еліміздегі халықтың үштен бір бөлігін құрайды. Балалар жылы ішінде білім беру ұйымдарында балалардың тамақтануын жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Тамақтану сапасын күшейту, тамақтану құнын реттеу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Мектептегі тамақтануды қоғамдық бақылау жандандырылды. Апатты мектептерді, үш ауысымды оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жанданып жатыр. Бағдарламаға сәйкес қалалар мен ауылдарда 800 мыңнан астам жаңа оқушы орындарына 401 мектеп салынатын болды.

Балалар жылындағы басым бағыт балабақшаларда, мектептер мен колледждерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Барлық білім беру ұйымдарында камералар орнатылды, білім беру объектілерін қорғауды күшейту бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді, турникеттер, дабыл түймелері әлі де орнатылып жатыр.

Балалар жылы тұңғыш рет баланы қорқытудан (буллингтен) қорғау құқығы бекітілді. Сондай-ақ, тиісті алдын алу ережелерін әзірлеу бойынша құзырет енгізіліп, қудалауға ұшыраған балаларға уақытылы ескертуге және қажетті көмек көрсетуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, биыл Білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің бірыңғай қағидалары да қабылданды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жалғастырылды. Бұл мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту, балабақшаларға бірыңғай кезектілік бойынша платформа әзірлеу, бұл кезекте қайталануды болдырмауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мүмкіндігі шектеулі балаларды тіркеуді автоматтандыруды көздейтін ПМПК модулі әзірленді. Балалар жылы аясында өткен Бала-фест байқауының жеңімпазы атанған мың бала бағалы сыйлықтармен марапатталды. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін Алматының кішкентай тұрғындары ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге мерекелеу бақытына ие болды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы Алматы қаласында әкімшілік құқықтық статистиканың жағдайы қалай?

2022 жылдың 11 ай қорытындысы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес, «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **18 млрд 170 млн 590 мың 215** теңгені құрайтын **1 229 634** әкімшілік айыппұл салынды, оның ішінде **13 млрд 792 млн 566 мың 382** теңгесі өндірілді, бұл өндіріп алудың **76%-ын** құрайды.

Әкімшілік құқық бұзғаныңыз үшін салынған айыппұл жайлы қайдан білуге болады?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің (бұдан әрі – Комитет) сайтында, Сіз өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпарат ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлды екі мемлекеттік ресурс арқылы (*qamqor.gov.kz*, *және egov.kz*) онлайн-режимде танысуға және өтеуге болады.

1) Ол үшін **qamqor.gov.kz** сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, **«Өз айыппұлдарың туралы біл»** терезесін тандап, әрі қарай «Айыппұлдарды іздеу» батырмасын басып керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама электронды-сандық қолмен расталған және ресми құжат дәрежесіне ие.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды Үкімет» порталы арқылы **Egov.kz** сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін тандап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» бөлікшесін қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

Egov.kz-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге құқылысыз, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан («Қазпошта» АҚ-ның қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданған) күннен бастап, 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары, электронды үкімет порталы, интернет банктер, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Алайда, бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет.

«Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» жобасын үйлестірудің әсерінен екінші деңгейлі 17 банктердің кассалық терминалдары және қосымшалары арқылы айыппұлдарды өтеуге болады.

Айыппұлды төлегеннен кейін Комитеттің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі, егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектеңі көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуін талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 826-2-бабына сәйкес, айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Шағым жасау аталған мемлекеттік ресурстар арқылы да (*qamqor.gov.kz*, *және egov.kz*) онлайн-режимде жолдауға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері (иелері) тартылады.

Егер де көлік құралы басқа тұлғаны иелігінде болса, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 32-бабы 2-тармағына сәйкес, көлік құралының меншік иесінің хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса не басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына ие бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Ескерту: Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 811-бабы 2-тармағына сәйкес, айыппұлды көрсетілген айыппұл сомасының 50% мөлшерін 7 тәулік ішінде төлеген жағдайда іс мәні бойынша қаралды, шешім заңды күшіне енді, ал адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды деп есептеледі. Осы Кодекстің 47-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы тараудың қағидалары бойынша қаралған іс қайта қаралуға жатпайды.

С.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша
басқармасының бөлім прокуроры.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Математика, физика және информатика институтының ұжымы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының 1953 жылғы түлегі, педагогика ғылымының докторы, профессор, ардагер-ұстаз **Бүркіт Бейсенұлы Баймұхановтың** 92 жасында дүниеден өтуіне байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтамыз.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектеңі көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолданыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегі (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҮОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«АЛЭС»: жылыту маусымы тұрақты өтеді

«Алматы электр станциялары» АҚ оңтүстікке тән емес қараша және желтоқсан аяздарымен қатаң сынақтан тұрақты режимде өтті. Еліміздің көптеген энергокешендері сияқты, «АЛЭС» АҚ-да өндірістік активтерінің тозу деңгейі жоғары.

Қазіргі уақытта Алматы Энергокешенінің ЖЭО-2 және ЖЭО-3 сияқты негізгі объектілері ауқымды жаңғыртуға және газға ауыстыруға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Бұл алматылықтар арасында заңдылықты сұрақ туғызады: «АЛЭС» АҚ – жылыту маусымына толыққанды дайындықпен, жөндеу жұмыстарымен және бір мезгілде – жаңғырту мәселелерін пысықтау мәселелерін шеше ала ма?

Жағдайды «АЛЭС» АҚ инвестициялық жобалар жөніндегі басқарушы директоры Дәурен Саидұлла түсіндіреді:

– Алғашқы аяз Алматы электр станциялары ауа райының сын-қатерлерімен күресіп, жылыту маусымы тұрақты түрде өтіп жатқанын көрсетті. «АЛЭС» АҚ Алматы өңірі тұтынушыларының шамамен 70%-ын электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ететінін қосып айтамын.

Өрине, кеңестік кезеңдегі көптеген қазақстандық энергетикалық нысандар сияқты, біздің компанияның өндірістік активтері «жасы келген» болып табылады. Сондықтан жабдықты ауыстыру мүмкін болмаса, жабдық техникалық қолданымға, жүйелі профилактикалық күтімге және уақытылы жөндеуге көп көңіл бөлуді қажет етеді.

Алмастыру жолы ең ыңғайлы жол болар еді, бірақ бұл үлкен қаржылық инвестицияны қажет етеді. Сонымен қатар, қазір компания екі ЖЭО-ғын ауқымды жаңғыртуға дайындалуда, сондықтан ағымдағы жылыту маусымында станция жабдықтарының жоғары жұмыс қабылеттілігі мен апатсыздығын қолдау және техникалық қызмет көрсету міндеті біз үшін бірінші кезектегі міндет болып тұр. Жұмыс кестеге сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілді және алдыңғы жылыту маусымы аяқталғаннан кейін бірден басталды. Барлық үдеріс біздің жалғыз акционеріміз – «Самұрық Энерго» АҚ, Энергетика министрлігі мен Әкімдіктің бақылауында.

2022-2023 жылдар маусымы қарсаңында компанияның барлық кәсіпорындарында кеңестік техникалық аудит өткізілді, негізгі және резервтік отын қорлары бағаланды. Оның нәтижелері бойынша, «Электр энергетикасы туралы» Заңға сәйкес, компания 2022-2023 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңде станциялардың ең жоғары жүктемелерді көтеруге дайындығын растайтын паспорттар алды.

«АЛЭС» АҚ объектілері жабдықтарының дайындығын тексеруді ҚР Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті жүргізіп, құжатта энергия өндіруші ұйымдардың ағымдағы күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайындығын, жүргізілген жөндеуді және «резервтік қазандықтар мен турбиналар жүктемелерін ескере отырып, қысқы кезеңде жылыту қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті энергия көздері жабдықтарының» жеткілікті құрамының дайындығын атап өтті. Дайындық паспорты қазан айының басында берілді, ал осы айдың ортасында барлық нысандар қысқы жылыту маусымы режиміне тұрақты түрде кірді.

Сондай-ақ, биылғы жыл компания үшін оңай болмағанын атап өткен жөн. Тіпті, қиын деп айтуға болады. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде энергетиктер жеткізу кестесінің бұзылуына, жеткізушілердің баға саясатының өзгеруіне, логистикалық байланыстардың бұзылуына тап болды. Бірақ барлық қиындықтарға қарамастан, компания алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешті.

2022 жылға жоспарланған энергия көздерінің негізгі жабдықтарын жөндеу жұмыстары аяқталды. Бүгінгі таңда 71 бірлік жабдық жөнделді, бұл жоспардың жүз пайызы. Ең көп зақымдалған элементтер болып табылатын қазандық агрегаттарының жылыту беттерін және ауа жылытқыштарын жөндеуге және ауыстыруға ерекше назар аударылды.

Барлық 20 энергетикалық қазандық агрегаттарында, 17 гидроагрегаттарда, 19 су жылыту қазандықтарында, екі бу қазандықтарында және 13 турбоагрегаттарда жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Энергия көздерінде күзгі-қысқы кезеңнен өту үшін негізгі және резервтік отынның нормативтік қоры құрылды. Негізгі және қосалқы жабдықтардың материалдардың, жабдықтардың қажетті санының резерві қамтамасыз етілді, жылыту маусымының үздіксіз өтуі үшін арнайы техника толық көлемде жеткізілді.

Компанияның барлық объектілері штаттық кестеге сәйкес оқытылған персоналмен жасақталған, жеке қорғаныс құралдарымен, құралдармен және арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Қажетті материалдар мен қосалқы бөлшектермен жабдықталған апаттық бригадалар құрылды.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, «Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» жобасын іске асыруға келетін болсақ, қараша айында жобаны қаржыландыру бойынша ЕҚДБ-мен қарыз шартына қол қойылды. «АЛЭС» АҚ ЖЭО 3 маневрлік генерациялау режимімен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды салуға аукциондық сауда-саттықта желтоқсан айында жеңімпаз деп жарияланды.

Егер біз өндірістік нәтижелер туралы айтатын болсақ, онда олар кейінірек шығарылады. Бірақ қазір кейбір көрсеткіштер мен тенденцияларды атап өтуге болады. Бүгінгі таңда электр энергиясын өндіру 4,9 млрд кВтсағ (жоспардан 102%), жылу энергиясын шығару 4,9 млрд Гкал (100%) құрады.

Макс АБАЗОВ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР/00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАРҚЫРА, ЖАЙНА, БАС ШЫРША!



Досбол
АТАЖАН

Шырша шамдары ресми іске қосылған соң, қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарлама болды. Алматы тұрғындары мен қонақтарының алдында «Жігіттер» тобы, «Shamis» тобы, Данияр Өтеген, Әйгерім Қалабаева, Мұхтар Ханзада, Kalifarniya және т.б. танымал әншілер өнер көрсетті.

Сондай-ақ, Аяз ата, Ақшақар және келесі жылдың символы – Қоян ретінде киінген аниматорлар алматылықтардың көңіл күйін көтерді. Мерекелік шараға қатысушылар үшін жедел басып шығаратын арнайы фото-будкалар, суретке түсуге арналған аймақтар және жаңажылдық жәрменке де ұйымдастырылды.

Қаланың бас шыршасымен бір мезгілде әр аудан шыршасының шырағы да жанды. Алдағы уақытта да алматылықтар мен қала қонақтары үшін қысқы фестиваль форматында тақырыптық жаңажылдық іс-шаралар ұсынылады. Фестиваль аясында 15 күн бойы қазақстандық өнім өндірушілердің сыйлық жәрменкелері өтеді, гастролдықтар, шеберлік сыныптары, байқаулар, кешкі кино көрсетілімдері және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады. Әр локацияның түрлі жас топтарына бағытталған өзіндік ерекше бағдарламалары болады.

(Соңы. Басы 1-бетте).



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

МЕРЕЙДІҢ МЕРЕЙІ ТАСЫДЫ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматыда «Жыл таңдауы және Жыл адамы» фестивалінің лауреаттарын марапаттау салтанаты өтті. «Отанға қызмет еткені үшін» номинациясында лауреаттар көп болған.

«Алтын адам» ұлттық сыйлығының «Отанға қызмет еткені үшін» номинациясы бойынша лауреаты Ұлттық ұлан офицері – подполковник Мерей Қонысбаев атанды.

Мерей Таңатұлы 2007 жылдан бері еліне абыройлы қызмет етіп

келеді. Ал 2022 жылдың қыркүйегінен бастап «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының броньды танк қызметі, техника және қару-жарақ басқармасының бастығы лауазымында қызмет атқарады.

Теміржолшы мен медбике отбасында дүниеге келген тұңғыш ұл аса жауапты Отан қорғау, яғни әскери саланы таңдағанын мақтаныш тұтады.

– Бұл марапат менікі ғана емес, Ұлттық ұландағы барлық адал әскери қызметшілердің марапаты. Отанға қызмет етуде бізде күмән болмауы керек, қандай сәтте де батыл және нақты әрекет етуге тиіспіз. Осындай жоғары марапат үшін рахмет! Мен үшін басты мотивация – отбасым, менің бақытым – шаңырағым. Әрқашан Қазақстан Республикасына қызмет етемін! – дейді Мерей Қонысбаев.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ТЕКЕ БҰРҚЫЛЫ» АМАЛЫ

Арқада ақтүтек боран басталды.
Бұл осы адуын амалдың көрінісі



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Желтоқсанның соңғы онкүндігінің шымылдығын ашатын боранды да аязды бір амал бар. Ол «Теке бұрқыл» (Теке бұрқас) деп аталады. Бұл киіктің текесі үйірге түсіп, жұптасатын мезгіл. Осы кезде соғатын қарлы боранды да қазақ «текенің бұрқылы» дейді. Алты ай қыста шөлейт аймақтарды мекендеп жан бағатын тұз тағысының топтасып табысуы, тұқымын көбейту қарекетіне кірісуі осы тұстан басталады.

«Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ-шөл, ойлы-қырлы панасы бар.
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген,
Жәндіктің киік деген баласы бар...», –

деп Сәкен (Сейфуллин) ақын жырлаған Дала падишасы міне, осы киік...

Осы тұз тағысы әр заманда небір зауал көрді. Иен далада 20 мыңы ғана қалған кезі де болған. Бірақ жойылып кетпеді. Еліміздің экологиясының ең бір маңызды құрамдас бөлшегі ғой киік дегеніміз. Қазіргі уақытта олардың көбеюі қарқынды жақсы. Осыған байланысты 3 географиялық аумақты мекендейді: Орал, Үстірт және Бетпақдала популяциясы. Зерттеушілердің айтуынша, Орал популяциясында 512 мыңға жуық киік болса, Үстіртте 12 мыңдайы, қалғаны Бетпақдала популяциясында тіршілік етуде.

«Киікті қазақ және дейді бөкен, Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен.

Киікті атып аңшы өлтіргенде, Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма екен...», –

дейді ақын. Ол рас, қазақ киікті ақбөкен деп те атайды. Себебі, жазда сағымға араласып сап-сары болып самсап жататын жануар қар түскенде ақжанданып, қылаң тартады. Осы ақбөкен жаз шықса болды, тағы көбейе түседі.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында сайын далада 2 миллиондай киік



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Хайуанаттар қимылына қарап жасалған жорамал:

- * Тышқанның тықыры тиынның сыңғырындай болып естіледі.
- * Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- * Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.
- * Қаз қаңқылдаса күн жылы болады, аяғын бауырына тығып жатып алса, күн суытады.
- * Қыста күн құлақтанса, қатты аяз болады.

жортса, тоқырау жылдарында соның 20 мыңдайы қалған еді.

«Жезкиік, біздің жаяққа қалай келдің?

Жолымды тіке кесіп жанап бердің.

Адамның көздеріндегі екі көзін, Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдің?..».

Бұл ақын Кәкімбек Салықовтың толғанысы. Иә, дала падишасын ақын қимағанмен табиғат дұшпандары өлімге қиды... Шетінен қырды...

2015 жылы елімізде киіктердің қырылуынан кейін Үкімет тұз тағысын барынша қорғауға алып, браконьерлермен күресті күшейтті. Тиісті мемлекеттік органдардың жұмыстарының арқасында 2015 жылдан бері жылдық өсім 40–50 пайызды құрап отыр.

Көктемгі санақта 840 мың киік дегенмен, олардың төлі есепке алынбаған. Қазір құралайлар жетіліп, қатарға қосылды. Құралайы егізден еріп, басы көбейді. 1 млн 300-ге жеткенін ақпарат құралдарынан оқыдық.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, желтоқсанның – 22-сі. Ай жүйесі – 28-ін көрсетіп тұр. Қазақ есепке (ескіше) сүйенсек, желтоқсанның – 9-ы. Апта айдың басын да, ортасын да, соңын да қамтып тұр. Бұл көрініс алдағы жеті күн ішінде ауа райында өзгеріс болатынын білдірсе керек. Күн күліп те тұрады, бұлт та болады, қар да орын алады.

Дегенмен, күн таңертең ызғарлы болғанымен, түс кезінде аяз сынып, сәл де болса жылып, аспан ашық болады.